Жаркент Айнасы

Жаркент айнасы газеті

№7 (51),
16 сәуір,
жұма, 2021 жыл,
jar-aina@mail.ru

Қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газет

ДӘНЕШ САЛҒАН ДАРА ЖОЛ

Бір күні таңертең ұйқыдан терезенің түбіндегі өсіп тұрған бір түп алма ағашына қонып алып дамылсыз сайрап отырған бұлбұл құстың үнінен ояныптым. Жұдырықтай ғана құстың таңғы тыныштықты бұзып мың құбылта сайраған үнін тыңдап жатып, бойымды ерекше бір сезім билеп сан түрлі ойға шомып кетіптім. Шіркін, құс біткеннің бәрінің бір-біріне ұқсамайтын өзінше үні, өзіндік даусы, әуені, әні бар, бірақ, барлығының үні осы бір кішкентай ғана құстың құйқылжыта сайраған үніне жетпейді-ау деп ойлап жатырмын. Әлгі құстың неше түрлі әуенге салып сайрағанын естіп жатып, адамдардың ішінде де осы құс сияқты неше алуан әнге салып тыңдаушысының жан дүниесінерітіп жіберетін ерекше дауыстың, үннің иесі, жаратылысы басқа, тумысы бөлек дарынды жандар бар-ау деп жатып, көз алдыма әйгілі әнші, ұстазым Дәнеш ағаның бейнесі, құлағыма ағаның сыңғырлата салған әуезді әндері мен осы бұлбұлдай сайраған үні, дауысы келді.

Бала кезден радиодан жиі естілетін сол үнге, сол кісі айтқан әндерге ынтызар болып мен де осы кісідей әнші болсам деп армандаушы едім. 1976 жылы мен 9 сынып оқып жүрген кезімде Баскунчи ауылына концерт қойып келген кезде Дәнеш ағаныңың сахнадан ән салғанын тұңғыш рет көрген едім. Арада 10 жыл өтіп 1986 жылдың күзінде мен тұрып жатқан «Кіші шыған» ауылына концерт қойып келген әйгілі әншіге досы Тоқбай Исабековтың ақыл-кеңесі мен жөн сілтеуі бойынша барып амандасып, таныстым. Дәнеш аға: «Е, әлгі ән айтатын Абылай деп жүрген жігіт сен екенсің ғой, бүгін осы ауданға қойған соңғы концертіміз, Талдықорғанға жолға шығып бара жатырмыз, сен облыстық филармонияға кел, әніңді тыңдап көрейін», – дегені. 1987 жылдың 5 қаңтарында аға мен филармония басшыларының алдында тыңдалуға келдім. Дәнеш аға мен филармонияның басшылары мені бірден ұнатып, филармонияға әнші етіп қабылдағаны. Филармонияның директоры Алшабеков Таңатар аға: «Міне, мынау Дәнеш аға жетекшілік ететін «Тамаша әзіл – сықақ кеші» атты гастрольдік сапарларға шығуға ыңғайластырылған концерттік шағын бригадасы, қасында бірге шәкірті бола жүріп әнін үйрен», – деп ағаның қасына қосып жібергені.

Бәрі-бәрі киноның таспасын айналдырып көрсеткендей көз алдымнан өтіп жатты. Ағаның қасында домбырасын көтеріп, әнін үйреніп, басқа ештеңені ойламай тек әннің тұңғиық теңізіне бойлап, еркін жүзіп, шөлім қанғанша сімірген ең бір бақытты, жас жігіт шағым елестеп, әр айтқан әні, ақыл кеңесі, әрбір айтқан сөзі, іс-қимылы, әрекеті, кейбір бастан өткен қызықты жайттар, кейбір мұңаятын жағдайлар бәрі-бәрі көз алдымнан өтіп жатты...

Қазіргі күні маған, менен ән үйреніп шәкірт боп жүргендер және былайғы жұрттың, журналистердің де білгісі келіп сұрайтыны Дәнеш ағаның ешкімге ұқсамайтын даусының ерекшелігі мен әншілік қасиеті, қалай шәкірт болғандығым, қандай адам еді, мінезі қандай еді деген сияқты көптеген сұрақтар қояды. Әйгілі әнші – композитордың 70, 80, 90 жылдық мерейтойлары қарсаңында өмірі мен шығармашылығы, қазақ өнері мен мәдениеті тарихында алатын орны, сіңірген еңбегі жөнінде көп айтылды да, жазылды да. Сол айтқандар мен жазғандарға қосылып менің де ағаның төл шәкірті ретінде ұстазым жайында көрген – білгендерім, ойға түйгендерім туралы бұрын да баспасөз беттерінде жарияланған болатын. Биыл Дәнеш ағаның 95 жылдық мерейтойы. Осы мерейтой қарсаңында ұстазым жайлы бұрын айтылмаған кейбір жайттар мен шығармашылық қырлары, басқа адамдарға ұқсамайтын өзіндік ерекше қасиеттері жайында өз көзқарастарым мен байқағандарымды, ойларымды оқырман халықпен бөлісу үшін шама-шарқымша қағаз бетіне түсіріп отырмын.

Ағаның мінезі жібектей жұмсақ, көзінен мейірімі төгіліп тұратын, көп сөйлемейтін, өмірі мақтанып, лепірмейтін, өтірік айтпайтын өте бір сабырлы, Алланың ең бір сүйген көркем мінезді адамы еді. Басқа шәкірттеріне деген көзқарасы қандай болғанын білмеймін, маған деген көзқарасы әке баласына қалай қараса, сондай қарым-қатынаста болдық. Былайғы өмірде де емін-еркін араласып, үйіне жиі барып тұрдым. Маған шәкірттерінің ішінде жоғарғы оқу орнын бітірген, ес тоқтатқан азамат ретінде көзқарасы ерекше болды. «Әй, сен кейін осы бітірген мамандығың бойынша қызмет істеп, әнге салғырт қарап кетесің-ау» деп басында сеніңкіремей жүрді де менің әнге, әншілікке деген ынтызарлығым мен қатты берілгендігімді көріп әндерді шын ықыласымен үйрете бастады. Және үйрету барысында өте қатал болды. Репертуарында қандай ән болмасын барлығының сөзін жатқа білетін. Кез келген уақытта, қандай жағдайда болмасын орындау керек болған әнді ешқандай дайындықсыз, ойланбастан қолына домбыраны ала салып сол әнге тиесілі құлақ күйіне келтіре шырқай жөнелетін.

Дәнеш ағаның дауысы тыңдаған адамның жүрек түкпіріндегі ең бір нәзік қылын тербейтін мақпалдай жұмсақ, масатыдай құлпырған тәтті бір үн, сиқырлы дауыс. Қандай да бір жоғарғы нотаны алып айғайлаған кезінде жанында отырып тыңдаған адамның анау биік дауыстан денесі тітіркеніп кетудің орнына керісінше осы дауыс, осы үн осылай рахат сезіміне бөлеп тоқталмай, аспанда қалықтап созылып тұра берсе екен, үзілмесе екен, сол үнді естіп, мас болған жандай қасынан арбалып кете алмай отыра берсем, тыңдай берсем екен дегізетін, тылсымнан пайда болғандай сондай бір сыйқырлы да сұлу, құдыретті дауыс. Бағанағы айтқан бұлбұл құстай мың құбылта сайраған сайын тыңдаған жанның мейірін қандыратын дауыс. Ондай құдыретті дауыстың күшін сезініп, рахатына бөлену үшін, жан дүниеңе рухани ем алу үшін, әйгілі әншінің қасында жүріп, әнді бір жақсы түсінетін, түйсінетін саналы, сәлихалы ортада шабыттана отырып, бар ынта жігерімен беріле, тіпті өзін ұмытып, орындап отырған әнінің ішіне еніп, сол әнмен өмір сүре отырып, өзі сол әнге айналып кетіп, бар болмысымен, ең жоғарғы шеберлікпен таза табиғи өз даусымен бұлбұл құсша сайратып, талдырып, тамылжытып, құйқылжыта орындаған әндерін тыңдауың керек. Қазіргі таспаға жазылып, радионың, теледидардың алтын қорындағы жазылып қалған дауысы жаңағындай ет құлағыңмен естігенмен салыстырғанда жер мен көктей айырмашылығы бар. Міне, сондықтан да болар кезінде ағаның әнін өз аузынан ет құлағымен естіген көне көз қариялар мен апаларымыз, ағаларымыз сол бір сиқырлы үнді, дауысты іздейді, сағынады, аңсайды.

(Жалғасы 4-5 бетте)

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҮЗІГІ
немесе Жаркент жеріндегі қола дәуірінің іздері

Қазақстан аумағындағы өмір сүрген ежелгі тайпалардың Алтайдан Оралға дейінгі, Құлынды даласынан Жетісуды оңтүстігіндегі өңірді алып жатқан бүткул мәдениетіндегі яғни, әлеуметтік қарым-қатынасындағы, шаруашылығындағы, тұрмысындағы, діни жоралғылар жүргізудегі ұқсастықтары олардың бір текті халық екендігін көрсетеді. Б.з.д. 2 мыңжылдықта басталып, бір атаумен Андронов мәдениеті атанған қола дәуірінің алдыңғы және кейінгі кезеңінің, қазба жұмыстары уақытында табылып, зерттеліп, зерделенген ескерткіштері сол дәуірдің ілгері даму сипатын аша түседі.

Қола дәуіріндегі Жетісу жерін мекендеген тайпалар шығыстан батысқа және оңтүстікке қарай тарала орналасқандығын олардың қоныстарымен, соңына қалдырған кейінгі зерттеу жұмыстары барысында табылған әртүрлі археологиялық ескерткіштерге қарап саралауға болады. Жетісу жері шығыстағы Еренқабырғаның қатпарлы-қарлы шыңды жоталарынан басталып батысында көгілдір сулы Балқаш көліне барып қайтса, солтүстігіндегі тұрғындары тұнығынан қанып ішіп, тыныстайтын Алакөлді, оңтүстігінде табиғатына адам тамсанып қайтатын Таразға дейінгі көгалды, шұрайлы аумақты алып жатыр. Бұл аймақ көне заманнан бері көшпелілер тынымсыз еңбек етіп терін төгіп тіршілік көздеріне айналдырған, қоныстанып тұрғындары тұрақ салып қала тұрғызып, егін егіп, мал өсірген, ұрпақ таратқан әлеуеті бай, қазыналы өлке. Сондықтан да тұрмысқа қолайлы осы жерлерді ең ежелгі адамдардың тұрақтап қалғандығы олардың соңына тастаған жер қыртысының қабатынан тастаған белгілерінен көрінеді.

Құлашын кередей созған Ұлы даланың жалғасы болып жатқан Жетісудың шығысындағы Жаркент жерін сол «ұлы даланың үзігі» деп атауыма болады. Жеріміз соған келіп тұр. Мен мұны шартты түрде алып отырмын. Жетісу жерінің шығысындағы бір пұшпағы болып саналатын Жаркент аймағын қола дәуірде мекендеген тайпалар отырықшылық күн кешкен. Андронов мәдениетінің таралуы Оңтүстік Сібірден Алтай мен Орталық Қазақстанға, Жетісуға жайылған десек, түптеп келгенде сол мәдениетті жасаған адамдардың ұрпағы бертіндегі ұлы далада кезекпе-кезек билік құрып, адам баласын таң қалдырарлық ескерткіштер тастаған саңлақтар – сақтар, ұлы иозылар, үйсіндер.

(Жалғасы - 2 бетте)

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҮЗІГІ *немесе* Жаркент жеріндегі қола дәуірінің іздері

(Басы 1-бетте)

Үйсіндердің билік құрып дәуірлеу кезеңінен бастап сабақтаса өрілген әртүрлі оқиғалар тізбегі Жетісу жерінен от алып әр тұсқа батысқа, солтүстік батысқа, оңтүстікке бағыт бұрып беттеген. Тайпалар арасындағы толассыз, тынымсыз билік үшін күресте қарсыласуға шыдамаған сақтардың, ұлы иозылардың, ғұндардың билеушілері күшті тайпаларға орын беріп, жылжығанда барған жерлердегі өздерінен әлсіз тайпаларды ығыстырып немесе толықтай бағындырып жаңа аймақтарды игеруіне Жетісу жері табан тірер тұғыр болғандай. Бәрі осы арадан басталғандай. Аттары аталғанда, жаһандағы естіген жанның тұла бойы жай жүріп өткендей қалтырайтын, патша біткенді тітіреткен жаунгер тайпалардың табан тірер жері Жетісу екендігі бекер емес. Кешегі атағы жер жарған, Алтын Орданың тұтқасын ұстаған хандардың тұқымы Керей мен Жәнібектің Жетісуды бетке алып, ата жұртымыз шыққан жер осы деп, қазақпын дегендерді жиып, соңынан ертіп, селдей тасып келіп Қазақ Ордасын құрып, қадап тұрып ту тіккені бекер емес. Олар кешегі өткен ата-бабаларының киелі мекені Жетісу жері екендігін түйсіне біліп, ұлы көштің басын осында іріккен. Күш жиып, тұғырын бекітіп, іргесін нығайтып, ұлы даланың нағыз иесі кім екендігін тарихы жазылған шығыс пен батыстағы елдерге көрсеткен.

Қазақ жеріндегі көптеген аймақтарды халқымыздың «тарихи жер», «тарихи өлке», «тарихи орындар» деп ат беріп, айдар тағып қасиетті санап әспеттеуі, дәріптеуі тегін емес. Бұл мағынасы тереңге тартатын анықтамалар осындай жерлерге көне өркениеттің бастауында тұрған ел туралы немесе белгілі бір кезеңдерге өткен тарихи оқиғалардың көптеп болғандығын ерекшелеп көрсетумен байланысты беріледі. Халық жадында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа ауызша беріліп келе жатқан шежірелердегі, аңыз-әңгімелердегі баяндалатын кейігі кезеңнің тарихшылары, әдебиетшілері адам қиялынан туған нәрселер деп мифке балап жүрген хияхаяттардың түбі шындыққа апарып тірейді. Біздің балалық санамызда үлкендердің «Біздің Жаркент көне жер ғой» деген сөзі сақталып қалған. Бұл сөз санадан сүргілесеңде кетпейді. Бұған бүгінгі күні көзім жетіп отыр. Бізге дейін мың сан адам өмірге келіп, тіршілік құрып, әртүрлі жағдайда болып дүниеден озды. Олай болса белгілісі бар, белгісізі бар соншама тарих өтті. Біздің Жетісу, оның ішінде Жаркент жерін көне тас ғасырынан бастап мекендей бастаған адамдар тұрмыста қолданған заттарын соңына айтарлықтай етіп тастап кетпесе де, көшпелі тұрмыс барысында олардың біраз уақыт аялдаған тұрақтарындағы қалдырған ескерткіштеріне қарап қазіргі археология ғылымының жетістігіне салып, көп нәрсеге көз жеткізуге болады. Басқұншы ауылының күнбатысындағы қырат үстіндегі кең жазықтағы (өкінішке қарай тұрақтың орны егістік жерге айналып кеткен) көне тұрақтан табылған тас кетпен, тас дән үккіш, заттарды уатуға, ұсақтауға арналған тұғыр, дөңгелекше келген тастан жасалған үккіш, тастан жасалған түйгіштер (кен уатуға арналған), тастан жасалған балғалар, тас келсап, тастан ойып жасалған келінің сынығы (кенді салып шашыратпай ұсақтауға арналған), сол заманғы адамдардың аң аулауға пайдаланатын және жырткыштардан қорғанудың негізгі құралы болып саналатын сақпанның (қазақ батырларының жауға қарсы қолданатын қаруының бірі. Елтінді батыр, кейінгі Мәдиді еске түсіріңіз) жұмыртқа тәріздес жұмырланып жасалынған тасы (тіліміздегі «сақпанның тасындай» деген теңеу осыдан қалған), осылардың бәрі де Жаркент аймағын мекендеген тайпалардың отырықшы тұрмыс салтын ұстанғанын, егіншілікпен әрі кен өндіру, металлургия ісімен айналысқанын айғақтайды. Жоғарыдағы тізбеленген заттардың көпшілігі сол заман адамдарының кен қорытқанда пайдаланған тас құралдары. Өкінішке қарай маман болмағаннан кейін ол тастардың неден, қандай тастың түрі екендігін анықтай алмадым. Кварцит пе, гранит пе, әйтеуір жұмсақ тастан жасалмағаны белгілі. Қоныстардың жақын маңайында кеніштің болуы адамдарды осы істі бірлесіп атқаруды қажет етеді. Сондықтанда бар күш-жігерді жұмылдыруды ұжым болып қолдасуды көздейді Бірі кен қазады, оны тасымалдайды, енді біреулері оны ұсақтайды, уатады, кен қорытатын пештеріне қажетті отын мөлшерін дайындайтын болған.

Үйсіндердің бас қаласы Шығу туралы жазған мақаламда Қорғас өзенімен оның атауына да тоқталып өткенмін. Осы арада туып өскеннен кейін жер-су, елді мекен, өзен, көл атауларына құлақ түріп жүретін әдетіміз бар. Сондай бір жағдайда бір-екі ағаларымыздан «Біздің Қорғас өзенінің басындағы Ойжайлау, Қарағайлы сайларындағы қорымдарда қорғасын көп екен. Әкелеріміз айтатын, аң қуалап жүргенде оғымыз бітіп қалса қорғасыны бар тастарды теріп қалбырға салып ерітіп, қалыпқа құйып оқ жасап алатынбыз дейтін» дегенін естідім. Бекер айтылмаған

сияқты. Таудан арындап түсіп, арқырап аққан өзен атауының бастапқыдағы «Қорғасынды сайдан шыққан су» айтылуынан өзгеріп «Қорғасынды» аталып жүріп ауызекі тілде Қорғаска ауысуы келімсектердің «ынды» жұтып жіберіп бізге «дымды» білдірмей кеткені тарихымызды жоққа шығара жаздады. Мысал келтіретін болсақ Талды – талы көп, Қайыңды – қайыңы көп, Қарағайлы – қарағайы көп, Шетенді – шетен көп өсетін жер болса, Қорғасынды – қазақтың қорғасыны көп жерден бастау алатын су дегенді аты айтып тұр емес пе. Ойымызды сабақтай түселік. Ойжайлау жақтан қорғасынды, тағы да басқа кен түйіршіктерін жинап алып келіп, батысқа қарай қиялай еңістеп бір бел асқаннан соң Алмалысу шатқалының орта шеніндегі қалың қарағайлардың арасындағы арнайы дайындалған пеште қорытқан. Олай деуімізге себеп жоқ та емес. Қарағай арасындағы металл қорытқан жерде күні бүгінге дейін қорыған кеннің қағы (шлактар) шашылған күйінде жатыр. Аң қарап жүріп үстінен түскен аңшылардың бірі қағындыларды (шлак) жинап, қапқа салып үйіне де әкелген. Мұқият зерттеп қараған адамға сол маңайдан кен қорытқан пештің орны да табылуы мүмкін. Қарапайым металлургияның дамуы үшін оған кеніш көзі жақын болуы керек дейтініміз де сондықтан. Осы маңды қоныстанған тайпалар кен қорыту ісімен айналысқан деп нақты айта аламыз. Бұл олардың өркениетке бір қадам басқандығымен ерекшелінеді. Басқұншыдағы қоныстан табылған қолымыздағы жәдігерлер құпиясын қойнына алып жатқан жердегі қазыналардың мыңдарының бірі ғана болуы мүмкін. Жүздеген жылдар бойы асты-үстіне шығарылып жер жыртылып, дән себіліп, жылма-жыл суғарылып ойран-топаны шығарылды. Әйтседе, зер салып бір жүріп өткен адамға тағы бір көненің көзіндей белгілер, жәдігерлер табылары сөзсіз. Адамдардың өмір тіршілігінің негізі су екендігін, ал, егіншіліктің дамуының өзі тікелей судан берілетін нәрмен байланысты екендігін көне заман адамдары да жақсы түсініп суды қадірлей білген. Сол сияқты осы маңайды мекендеген тайпалар кен қорыту ісінде де суды молынан пайдаланған.

Төмендегі мәліметтен қола дәуіріндегі адамдар өмір сүрген мекендердің, яғни қоныстардың, өлген адамдары жерлейтін орындарының, қорымдардың дені өзендерге жақын маңда екендігі көрсетіледі.

2010 жылы 17-ші маусымдағы «Жетісу» газетінің 70 номерінде «Алматы облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде» ауданымыздағы қола, темір дәуірінің археологиялық ескерткіштерінің атаулары, олардың түрлері, орналасқан жерлері көрсетілген құжат жарияланған. Кейіннен аудандық әкімдіктің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінен және облыстан қосымша берілген тізімдерді қосып оқырманымыз білсін деген оймен, тек қана қола дәуіріне жататын ескерткіштердің тізбесін жарыққа шығарып отырмын.

1. 11 қорғаннан құралған тас және топырақтан қорымдалған бейіт. Бұрхан ауылынан 4 км., Сарыбел ауылының жолында.
2. Қойтас бейіті. Үлкен және Кіші Қойлытас аралығындағы таулы қыратта.
3. Құламалардың жеке құрылысы. Басқұншы ауылы аумағында.
4. Үлкен Қойтас бейіті. Үлкен Қойтас шатқалы. Үлкен Қойтас шатқалынан солтүстік-батысқа қарай 4 км.
5. Бейіт. Қола дәуірі. Үлкен Қойтас шатқалындағы қой қорадан 500 м. оңтүстікке қарай.
6. Өсек өзенінің алқабындағы бейіт. Метеопостан 3 км. оңтүстікке қарай, Өсек өзенінің алқабында.
7. Тас қорғандар. Жаркент қаласы мен Талды ауылының арасында.
8. Топырақ үйіндісі мен тастан қорымдалған қорған топтарынан жасалған бейіт. Жаркент қаласының шетінде, оңтүстікке қарай Талды ауылының жолында.
9. Кірпіштен қаланған Ақтам мазары. Қорғас ауылының жолында, Жаркент қаласының оңтүстігінде.
10. 10тас қорғаннан жасалған бейіт. Көктал ауылынан солтүстікке қарай.
11. Тас қорғандар тобынан тұрғызылған Шорман бейіті. Қоңырөлең ауылына жетпей 8 км., Көктал ауылы жолынан 1.3 км.
12. Тас және топырақ үйінділерінен қорымдалған Шорман бейіті. Қоңырөлең ауылына 7,5 км. жетпей.
13. Тас қорғандар тобынан тұрғызылған Шорман бейіті. Қоңырөлең ауылына 3,7 км.жетпей, Көктал ауылының жолында.
14. Тас және топырақ үйінділерінен қорымдалған бейіт. Қоңырөлең ауылының солтүстік-шығыс шетінде.
15. Тас және топырақ үйінділерінен қорымдалған қорғандар. Көктал ауылынан 36,2 км, Қоңырөлең ауылының жолында.
16. Тас және топырақ үйінділерінен қорымдалған 13 қорғаннан жасалған бейіт. Көктал ауылынан 27,7 км, Қоңырөлең ауылының жолының жағалауында.
17. Тас және үйінділерінен қорымдалған қорғандар. Көктал ауылынан 39,5 км, Қоңырөлең ауылының жолының жағалауында.
18. Тас және топырақ үйінділерінен қорымдалған қорғандар. Көктал ауылынан 40 км, Қоңырөлең ауылының жолының жағалауында.
19. Тас және топырақ үйінділерінен қорымдалған қорғандар. Көктал ауылынан 41,5 км, Қоңырөлең ауылының жолының жағалауында.
20. Тас және топырақ үйінділерінен қорымдалған қорғандар. Көктал ауылынан 43,3 км, Қоңырөлең ауылы жолының жағалауында.
21. Тас және топырақ үйінділерінен қорымдалған қорғандар. Көктал ауылынан 46,5 км, Қоңырөлең ауылы жолының жағалауында.
22. Тас және топырақ үйінділерінен қорымдалған 14 қорғаннан тұрғызылған қорғандар. Көктал ауылынан 46,5 км, Қоңырөлең ауылы жолының жағалауында.
23. Тас және топырақ үйінділерінен қорымдалған қорғандар. Көктал ауылынан 47,5 км, Қоңырөлең ауылы жолының жағалауында.
24. Тас органдардан тұрғызылған қоргандар. Дөленқор шатқалынан оңтүстік-шығысқа қарай, Көктал өзенінің жағалауында.
25. Шорма бейіті. Көктал ауылынан батысқа қарай 1,3 км.
26. Тас және топырақ үйінділерінен қорымдалған қорғандар тобынан жасалған қорғандар. Талды с/.о-нен 33 км, Өсек өзені көпірінің жанында.
27. Тас қорған. Талды с/о-нен 8 км, Талды ауылының жолында.
28. Кіші Өсек өзені алқабындағы бейіт. Талды с/о-нен солтүстікте 23 км, Кіші Өсек өзенінің жағалауында.
29. Бейіт. Талды с/о-нен солтүстікке 12 км.
30. Өсек өзені алқабындағы бейіт. Талды с/о-нен солтүстікке 17 км.
31. Өсек өзені алқабындағы тастағы безендірулер мен бейіт. Талды ауылынан с/о-нен солтүстікке қарай 12 км.
32. Тік бұрышты тас қаланулар. Кіші Өсек өзенінің алқабында, мал айдайтын жолда.
33. Кіші Қойтас бейіті. Кіші және Орта Өсектің қосылған жерінен батысқа қарай 60 км жерде.
34. Кіші Өсек өзені алқабындағы бейіт. Кіші және Орта Өсек өзенінің қосылған жерінен солтүстік-батысқа 150 км.
35. Үлкен Қойтас бейіті. Кіші Қойтас шатқалынан солтүстік-батысқа қарай 3,5 км жерде.
36. 2 жақты қаланған, 11 қорғаннан тұратын тас пен топырақ үйінділерінен қорымдалған бейіт. Бұрхан ауылы жолындағы Талды ауылынан 1 км. жерде.
37. Тас пен топырақ үйінділерінен қорымдалған қорғандар тобынан тұратын бейіт. Қойтас ауылы жолындағы Талды ауылынан 1 км. жерле.
38. Тас пен топырақ үйінділерінен қорымдалған 16 қорғаннан тұратын бейіт. Сарыбел ауылынан, Тышқан тауына қарай.
39. 10 тас қорғанды бейіт. Сарыбел ауылының оңтүстік шеті.
40. 10 қорғанды бейіт. Сарыбел диірменінің жаны.
41. Тас қорғанды бейіт. Садыр ауылы жанындағы Сеймалы ауылынан ары.
42. Тас қорған. Бұрхан және Талды ауылының арасындағы диірмендердің маңы.
43. Тас қорғанды бейіт. Тұрпан ауылынан солтүстікке.
44. Нығайтылған қоныс. Тентек өзенінің жағалауындағы Үшарал ауылынан шығысқа.
45. Тас пен топырақ үйінділерінен қорымдалған қорғандар тобынан тұратын бейіт. Үшарал ауылынан солтүстік-шығысқа қарай.

Қола дәуіріне жатқызылған тарихи және мәдени ескерткіштердің анықталынып, зерттеліп, картаға енгізілуінің өзі олардың республикалық археологиялық каталогқа түсірілгендігін көрсетеді

Қола дәуірінде өмір сүріп, тұрмыс-тіршілігінен хабардар етіп, қоныстарынан, қорымдарынан, діни рәсімдерінен соңына ескерткіш қалдырып кеткен адамдардың көне дәуірдегі орындарын іздеп тауып, ретімен, атауларымен картаға түсіріп, көлемін өлшеп, қай кезеңге жататындығын анықтап, құжаттарын жүргізіп, Қорғастан Қоңырөлеңге дейінгі аралықты жазбаға түсіруші сол кездегі көп еңбек сіңірген экспедиция мүшелеріне үлкен рахмет айтуымыз керек. Жариялануымның ендігі мақсаты, аудандық әкімдіктің назарын жоғарыдағы тізбедегі археологиялық ескерткіштердің орналасқан жерінің картасын тауып, мемлекеттік қорғауға алынғандығын ескертетін тақталарды орнату.

Молот СОЛТАНАЕВ,
«Жаркент айнасы» газетінің Бас редакторы.

Бала Жүсіпбектің болмысы

Әкелерінің азан шақырып қойған есімі – Нұрақын, аналарының аты – Күләш еді. Әкесі сонау өткен ХХ ғасырдың 55 жылы Қытайдан бері өтіп туған жерге оралғалы бері совхозда *(кеңшар)* қара жұмыс істегенмен, көзі ашық, көкірегі ояу жандардың қатарынан еді. Мінезі қатал болғанымен, газет – журналдардың бір санын бос жібермей, үнемі жаңалықтардан хабардар болып, қолы бос кездерде пеш алдында баппен, бір-бірлеп оқып отыратын. Содан оқығандарын ішінде сақтамай, балаларына, келген-кеткен кісілерге әңгімелеп беретін. Ол кісінің байсалды сөз саптауынан өзіндік, өзгеше ой-пікірі мен ұстанымы анық байқалып тұратын. Ал, аяулы анасы Күләш адуынды, өжет кісі болды. Жанұяда үш ұл, төрт қыз болып, еш таршылық көрмей, алаңсыз, маңғаз мекеннің жауқазынындай жайқалып өсті. Балалардың ішіндегі үлкені Тұрлыбек, ары қарай жасына қарай – Жүсіпбек, Жеңісбек *(ерте қайтыс болып кетті)*, қарындастары – Шолпан, Айман, Майра, Фарида.

Міне, осы балалардың ішінде ағасы Тұрлыбек екеуі тете болғанымен, Жүсіпбек басқалардан ерекшелеу болып өсті. Оның мінезі мен жүріс-тұрысындағы өзгешелігі сол – күндіз-түні ылғи да ойлы, сабырлы қалыпта жүретіндігі. Бала болса да оның ашаң жүзіндегі салқынқандылық пен ақылдылықтың табы бір көргенде-ақ менмұндалап тұратын. Ал, ағасы оған қарағанда жасы үлкен болса да ұшқалақтау, ойыннан да қалмайды, шапшаң қимылмен қандай істі болса да жатсынбай тез қолға алып, тез орындап тастауға бейім. Ал, Жүсіпбек болса үйде, түзде, дастархан басында болсын ұдайы қалың ой құшағында жүреді. Адамдармен жолыққанда да байсалдылық танытып, әрдайым байыпты көзқарасын бір өзгерткен емес. Және де сырттай зер салып қараған жан оның болмысынан, қозғалыс іс-әрекетінен үнемі бір «көз көріп, құлақ естімеген ғажайыпты» іздеп жүрген жиһанкез кейіптегі жанды байқағандай болатын. Оның бойындағы осы жұмбақ қасиетті байқаған соң, бұл не қылған жандүниесі құпия ерекше жан деп еріксіз таң қалатын...

Жүсіптің бойындағы тағы бір керемет қыры – көп оқитын кітапқұмарлығы. Ағасы Тұрлыбек екеуі ауылдағы кітапхананың бүкіл кітабын екі рет қайталап оқып шықты. Кей күндері бітпей қалған кітабын түні бойы оқып, басына жастап жататын. Одан кішкене кездерінде ауылдың маңайында бірді-екілі ұсақ малдарды жаяды, міне сол қой баққан кездерде де басқа балалардың аңсары ойынға ауғанда, Жүсіптің қолынан кітабы түспейтін. Бала болып ойынға да қатты қызықпайды, мінезі біртоға, салмақты, әр нәрсені бақылап, бажайлап орны-орнымен жасап, жүйелеп қоятын. Жасаған жұмысы мен істеген ісіне деген ұқыптылығында шек жоқ. Уақыт зымырап өтіп жатты...

Әне-міне дегенше, 1968 жылдың 1-ші қыркүйегі де келді. Сол жылдың қоңыр күзінің жанға жайлы жаймашуақ күнінде өзінің қатар құрбы-құрдастары секілді қарындаш

Жүсіпбектің 1-сынып жетекшісі Күләй Бейсенбекқызы

мен дәптерін сөмкесіне салып Әулиеағаш ауылының орта мектебіне оқуға барды.

Анасы Күләштың жетегінде, бал-бұл жанған жүзінде қуаныштың нұры ойнап тұңғыш оқу ордасының табалдырығын аттады. Алғаш «А» деп әріп танытып, қолына қалам ұстатқан Күләй Бейсенбекқызының жадында: «Ойлы көзқарасымен, мұнтаздай таза киінген, өзі тәртіпті, тыныш, берілген тапсырманы тыңғылықты орындайтын, сабағын жақсы оқитын сүп-сүйкімді, бала Жүсіпбек» болып мәңгі сақталып қалды. Бастапқы күндерден-ақ, арғы тегінен дарыған зеректігінің арқасында сабағын беске оқып, айналасына үлгі бола білді.

Мектеп қабырғасында жүріп есейе келе орта буынға өткен 7 – 8-ші сыныптарда бойындағы балаң таланты бүршік атып алғашқы өлеңдерін жазуды бастады. Жоғарғы сынып балалары мен сыныптастары қалжыңдап қызықтаған кездерде, ол да ұяңдығына басып, қысылған кейіпте екінші

қолымен қалқалап отырып өз ойындағы балаң жырларын қағазға түсіріп отыратын. Ойлы да, өрнекті жазған өлеңдері, мамандар назарына ілігіп аудандық газеттерде жарияланып, көпшіліктің көңілінен шығып та жүрді.

Сыныптастары ішіндегі санаулы бойшаңының бірі Турдиев Мұхтар болса, дене бітімі әкесіне тартқандықтан екіншісі Жүсіп болды. Сол үшін де сынып жетекшісі бірінші қатардың соңғы партасына отырғызып қойды. Әсіресе, қазақ әдебиеті мен тарих пәні болғанда «Қорғасбеков» деген өз фамилиясын ести сала орнынан тұрар-тұрмастан сабақ айтуды бірден бастап кететін. Дауысы да зор радиодан айтылып жатқандай саңқылдап естілетін. Оның «бірден сабақ бастап кететін» әдетіне сыныптастары мәз болып, жамырап күлісіп алатын.

Жүсіп те өзінің қатарластары сияқты Кеңестік замандағы оқу ордасынан білім алды. Ол кезде әр жылдың қыркүйек айынан күздік астық жинау науқаны басталатын. Мектеп шәкірттері 1-ші қыркүйек сабаққа келіп, бір апта оқыған соң 6-шы сыныптан жоғары қарай ұл-қыз демей түгелдей жүгері жұлуға егістікке жұмысқа шығатын. Бүкіл аудан көлеміндегі барлық мектептер, әуелі Алматы, Талдықорғандағы жоғары оқу орындарының *(институт, техникум, училищелер)* суденттеріне дейін ауылдың жұмысқа жарамдысының барлығы бір кісідей астық науқанына жұмылдырылып, егістікте таңның атысы, күннің батысы тынбай еңбек ететін.

Бала емес па, жақын болса түскі үзілісте, не болмаса кешкі жұмыстан кейінгі кезде, әйтеуір уақыт тауып Шікіме жақтағы қаланың ұйғырлары келіп егетін қауын-қарбызға да барып үлгеруші еді. Тойғанша жеп, қайтарда үйге көтергенше алып қайтатын. Кейбір күндері көлік келмей қалса сол жұмыс жасап жатқан егістік басынан үйлеріне жаяулатып келетін.

Қайбір күндері қырманда бұршақ тазалайды. Кешкі салқында шаршаған болса таудай болып жиналған жүгерінің қабығының ішінде жатып жылынып, тынығып алатын. Содан, сол қырман басында киномеханик Рыскелді ағасының түнде жұмыстан кейінгі ел-жұртқа қойып беретін киносын көреді. Ол кездегі кинолар бала біткеннің қиялында әлемдік өркениеттің жаршысындай болып сезілетін. Бір көрген киноның әсері құрдастарының жадында елес беріп, қиялдарына қанат бітіріп, келесі сеансқа дейін жаңғырып тұратын-ды. Ал, клубтағы кешкі киноға бару, ауылдың бой түзеген қыздары мен жігіттері үшін кәдімгідей үлкен мәртебе саналатын.

Күндіз күннің ыстығында шөлден қаталап, кешке дейінгі ауыр жұмыстан қанша шаршап келсе де, ертесі жараған аттай болып ойнақтап тағы жұмысқа кетіп бара жататын. Қайран, балдай тәтті балдәурен-ай...

Зымыраған уақыт бір орында тұрған ба, балалықтың бал дәурені өтіп, бой түзеп жігіт болып ержетті. Оқу жылдарындағы 9 – 10-шы сыныптарда «Сынып бұрышы» мен мектептің қабырға газеттері Жүсіпбексіз шықпайтын. Жақсыларды мақтап, тентектерді даттайтын өлең жолдарын жазу, мерекелік құттықтаулар тек Жүсіптің ғана еншісінде. Онда да жақын жолдастарының бірі сөзге ілініп қалса олар туралы жаман өлең жазудан ойланбастан бас тартатын. Доска деген адалдық қасиетінің айналасындағы құрдастарына айнымас үлгі болғандығы, тіптен әсірелеу де, әспеттеу де емес.

Мектептің 10-шы сыныбын бітірген 1978 жылы өзі қалап барған жоғары оқу орны түсе алмай қалып, ауылға қайта оралып, құрылыс саласында жұмыс істеді. Бірақ қолынан қаламын тастамай жазумен айналысып, көп ізденіп, біршама шығармаларын жазды. Тынымсыз ізденіс пен еселі еңбек, жинаған білімнің арқасында келер жылы бағы жанып, ҚазГУ-дің журналистика факультетіне оқуға түсті. Әрине, қуанышында шек жоқ, өмір баспалдығымен бір саты жоғарылағаны көңіл көкжиегінің тағы бір қырын ашқандай болды. Оқумен қатар газет-журналдарда тілші болып қосымша жұмыстар жасап жүрді. Ағасы Тұрлыбек те Алматының мал – дәрігерлік институтының студенті. Аралас-құралас, барыс-келіс барысында Жүкең ағасына қарағанда әлдеқайда көп оқып, көп ізденетін. Жоғары оқу орнын тәмәмдаған соң құрдастары қатарлы үйленіп, жанұя құрды.

Ағасының бір таң қалатыны інісінің ізденімпаздығы мен еңбекқорлығы жылдан-жылға ұлғайып, артпаса кеміген емес. Қай кезде барса да жазу үстелінде, жазып сызып отырғаны. Кей кездері «осыншама жазушылыққа деген құлшыныс пен күш – қуатты қайдан алады екен...?» деп те іштей таң қалатын. Бірақ, інісінің жазған дүниелерін оқыған ел-жұрттың ыстық ықыласын естіген кездерде бір марқайып, кеудесін қуаныш кернейтін. Жүсіптің таланты мен еңбекқорлығына риза болып, аймаққа мақтан тұтады.

Кішкентай күнінен бергі тағы бір ерекшелігі – Жүсіп бала күнінде де сөйлегенде орынды, не нәрсе болса да ақылға салып үлкен адамдарша сөйлейтін. Салыстырмалы түрде байқап көрсеңіз, өзара қарым-қатынаста жас еркешелігіне қарамай, таным-түсінігінің кеңдігі мен биязы мінезіне салсаң, керісінше Тұрлыбектің ағасындай болып көрінетін. Тұла бойындағы тұнып тұрған сыпайылығы мен ағайынға деген бауырмалдығы бір төбе. Оған қарағанда аңқаландаған Түкең ұшқалақтап кейде асығыстықтан ұрынып-соғынып жүретін. Сондықтан да әңгіме арасында да, басқалай қарым-қатынаста да ағасының, қарындастарының қате кеткен жерлерін жәймен түзеп, тігісін жатқызып, бәрінің де көңілін ауыртпай бұрыстығын әдемі, мәдениетті түрде дұрыстап қоятын. Бірге туған аға, қарындастарының ұл-қыздарының қай уақытта, қай жерде болмасын жоғары білім алып, бір-бір маман иесі болуына бар көмегін жасап, қамқорлық танытудан бір жалыққан емес.

Тұрлыбек аға туған інісі, елімізге танымал жазушы, «Тарлан-Үміт» сыйлығының иегері, журналист Жүсіпбек Қорғасбек туралы айтқан бір сөзінде: «...Ұмытпасам, «Жансебіл» кітабы 1985 жылы Ұлы Отан соғысының 40 жылдығы қарсаңында жазылды. Ол кезде менің Шолақай ауылында ферма меңгерушісі болып қызмет істеп жүрген шағым. Ерте көктем уағы, үйге інім қонақтап келе қалды. Бір мезет аяқ астынан көршінің үйінде дабыр-дұбыр болып адам қарасы көбейе бастады. «Не болып қалды екен?» деген оймен көршіге кіріп сұрастыра келе мән-жайды ұқтық. Сөйтсе, жағдай мынада екен. Көршіміз сол соғыс жылдары *(1941 ж.)* майданға аттанып, одан немістерге тұтқынға түседі. Соғыс бітіп тұтқыннан босаған соң Кеңестік жүйе «сатқынсың» деп үйіне жібермей соттап, Сібірге жер аударып жіберген екен. Сонда орыс әйелге үйленіп екі қызды болады. Бұл жақтағы туған – туыстары хабарсыз кеткен соң өлдіге санап ұмытады. Ал, жаркенттік жауынгер туған жерін сағынып, қайта-қайта айта бергендіктен олар іздеу салып, бұндағы үйін табады ғой. Сонымен, әлгі орыс әйелі бір қызымен екеуі кәрі солдатты Сібірден алып келіп, бұрынғы жанұясына 40 жылдан кейін қайта табыстырып жатқан кезі екен. Осы уақиға қатты әсер етті ма, Жүсіптің сол жолы қатты ой құшағында кері аттанып кеткені есімнен шығар емес. Мүмкін, «Жансебілді» жазуына бұл жағдайдың кішкентай болса да септігі тиді-ау, шамасы» деп айтып қалды. Демек, қырық жыл бойы жат жерде ғұмыр кешкен әлгі солдаттың туған жері мен еліне деген, туыстарына

Сыныптасы Мұхтар мен бауыры Тұрлыбек

деген рух сағынышы жанына маза бермеген-ау, сірә. Иә, сағыныш дегеніңіз алапат бір сезім ғой, жалынына бір шарпылсаң күймей, жанбай жандүниең тыным табар ма? Соны болмысымен сезе білген жиырмадан жаңа асқан жас жазушы Жүсіпбектің жан-дүниесі қалай тебіренді екен десеңізші.

Жазушының жазушылық сипаты мен қуатын қатар жүрген қаламдастарынан асырып кім айтсын. Біз бала Жүсіпбектің тумысынан қалыптасқан әдебиетке деген махаббатын, адам жанын тереңнен түсінуге талпынған өзгеше әрекетін, адалдық пен тазалық аңқып тұратын бұла болмысын сипаттауға тырыстық.

Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі
Жаркент қаласы.

ДӘНЕШ САЛҒАН ДАРА ЖОЛ

(Басы 1-бетте)

Қазақ «көмейіне бұлбұл ұялаған» немесе «күміс көмей, жезтаңдай» деген теңеулерді, әншімін деп жүрген сан мың адамның ішінде ешкімге ұқсамайтын ерекшелігімен дараланатын саусақпен санарлық қана дарынды адамдарға ғана берген. Ондай бақты Алланың өзі берген сыйы мен сынағы деп қабылдап, сол сыйдан, құрметтен, басыңа қонған бақтан айырылып қалмау үшін бүкіл ғұмырыңды тек қана сол жолға арнай отырып, жан аямай еңбектену арқылы басына қонған бақты ұстап тұратын адамға ғана бұйыртқан. Сондай басына бақ құсы қонған, сол қонған бақты өмірінің соңына дейін ұстап қалған адам – атағы алты алашқа әйгілі, қазақтың дәстүрлі ән өнерінде Жетісуда өзіндік ән орындаушылық мектебін қалыптастырып кеткен ұлтымыздың мақтанышы, маңдайға біткен бағы, санаулы ғана адамдар жеткен атақ пен даңқтың иесі – Қазақстанның халық әртісі, әнші-композитор Дәнеш Рақышев.

Дәнеш Рақышев 1926 жылы Жаркент өңірінің Талды ауылында дүниеге келген. Әке – шешесі сол замандағы дүрбеленде Қытай жеріне ауып, Дәнеш ағаның жастық шағы мен ержеткенге дейінгі өмірі сол жақта өтеді. Сол жердегі Қаратас, Жарсу деген мектептерден бастауыш білім алады. Дәнеш аға дүниеге келген жылдарда Қытайдағы қазақтарды асқақтата салған әндерімен сусындатқан әйгілі ақын, әнші-композитор Әсет Найманбай ұлы дүниеден өткен еді. Жаратушы иеміз, ерекше дарын иесі, әндерін өзінен басқа анау – мынау әншілер орындай алмайтын, туған жері мен елінен жырақта жүріп арманда кетіп дүниеден өткен Әсеттей асқақ әнші, ақын, композитордың шығармалары ұмытылып, жоғалып кетпесін, Әсет әндерін шашау шығармай жоғарғы кәсіптік деңгейде орындап кейінгі ұрпаққа жеткізсін дегендей Дәнештей қайталанбас бұлбұл әншіні өмірге әкелген секілді. Дәнеш аға, өзі өскен ортасында әуелі өз әке – шешесінен, басқа да өнерлі үлкендерден тәлім тәрбие алып, ән үйреніп 13 жасқа келгенге дейін-ақ «әнші бала» атанады. Әкесі Рақыш өскен ортасының әндерін түгел меңгерген дарынды ұлының енді қанатын қатайтып, құлашын кең жайып алысқа сермесе, сол кезде аты аңызға айналған әйгілі Әсеттің әндерін алып қалып ел ішінде айтып

атағы шығып жүрген шәкірттерінің бірінен ән үйренсе деп армандайды.

Қазақ деген халықтың қай жерде болмасын той-томалағы, ойын-сауығы әнші, күйші, ақын, жыраусыз өтпеген ғой. Ел ішінде болғалы жатқан бір тойға шақыртылып, Рақыш атамыз баласы Дәнешті қасына ерте барады. Той иесі әйгілі Әсет ақынның шәкірті, сол аймақтағы ел – жұртты шырқап салған әнімен, кисса дастандары, жырымен сусындатып ризашылығына бөленіп жүрген Мәмет ақынды әдейі алыстан ат жіберіп алдыртқан екен. Әдеттегідей ас ішіліп қарын тойғаннан кейін ел жұрт жан-жағына қарақтап жан азығын іздей бастайды ғой. Әуелі ауылдың алты ауызы деп сол ауылдың өнерпаздары ән бастайды. Ақыр аяғы келген қонақтардан қонақ кәде сұрау басталып, келген қонақтар бірінен кейін бірі шамалары келгенше өз өнерлерін көрсете бастайды. Өз кезегі келгенде Рақыш атамыз да өнерден каражаяу емес екендігін көрсетеді. Бір кезде елдің бәрі өз өнерлерін көрсетіп болды-ау деген кезде той иесі арнайы ат жіберіп алдыртқан құрметті қонағы Мәмет ақынға кезек береді. Бағанадан бері осында отырғандардың салған әндерін естіп, ерекше шабыттанып, шырығып отырған әнші домбырасының құлақ күйін келтіріп алып бірден Әсеттің асқақ әндерінен бастайды. Бағанадан ана әншіге анандай, мына әншіге мынадай мақтау айтып рахаттанып отырған жұрт нағыз әнші ән айтқан кезде естерінен танып қалғандай қандай мақтау айтарын білмей, ауыздарына сөз түспей есеңгіреп барып естерін жинап шуылдаса жөнеледі. Нағыз әншіні бұрын да тыңдап сағынып қалғандары бар, мұндай құдыретті әншіні алғаш көріп, алғаш рет тыңдағандары бар «тағы айта түс», «ой бәрекелді, әркенің өссін», «мың жаса», «не деген ән, не деген құдыретті дауыс» дегендей таң қалу мен көкейлерінде «бұл әндер кімдікі, кім шығарған, не қылған бұрын-соңды естімеген ән, қай жердікі, қай рудан екен» деген сұрақтар жаудырып шуласады. Бұрын естігендер, «ай мынау әйгілі Әсет ақынның әні ғой, өзі де айтып отыр емес пе» деп неше түрлі болжамдар айтып, неше түрлі сұрақтың астына алып әншіге төне түседі. Асқақтата салған бірнеше әннен кейін, әнші бұрқырай шыққан терін орамалымен асықпай сүртіп, алдына қойылған қымыздан шөлі қанғанша ішіп, көптен бері осындай ортада ән салып ысылған, жиылған елдің бабын таба білетін, айызы қанғанша құлақ құрышын қандыра білетін нағыз жүйріктің өзі екендігін көрсетейін дегендей жайымен әңгімесін бастап өзінің кім екенін, ұстазы Әсет ақынның кім екенін, оның қасында шәкірті бола жүріп, асқақ әндерін қалай үйренгенін әңгімелеп арасында өз жанынан суырып салып шығарып отырған өлең шумақтарымен көмкере отырып, Әсеттің «Сәлиха – Сәмен» сияқты бірнеше хиссаларын, жыр дастандарын оның шығу тарихын айтып баяндай отырып жалғастырады. Хисса дастандарды айтқан кезде ондағы әрбір кейіпкерді әр түрлі ән, әуендерге салып сан құбылтып, тіпті сол кейіпкерлердің әрекеттерін іс қимылмен көрсете отырып, тыңдаушысын біресе күлдіріп, біресе мұңайтып таң-тамаша қалдырады. Тіпті бірнеше сағатқа созылатын жыр дастандардың қалай аяқталып қалғанын, таңның қалай атып, күн шығып кеткенін білмей, қаумалаған ел осы шығарманы орындап отырған адамды қаумалап бірнеше күн жібермей кезек-кезек ауылына шақырып қонақ жасап, ризашылықтарын білдіріп, ат мінгізіп, шапан жауып, сый-сияпатын жасап қимай әрең жіберетін жағдайлар да болып жатады. Тіпті бір күнге келген қонақты бір айға дейін сол елдің адамдары құрметтеп жібермей ұстап қалатын жағдайлар жиі болады. Бұл сол кездегі елдің қазақтың әнін, өнерін, сөздің құдыретін түсініп, өнерпазын алақанға салып, төбесіне көтеріп құрметтейтін қазіргі күні «дәстүрлі әншілік өнері» деп жүрген төл өнеріміздің бағы аспандап тұрған «алтын ғасыр» деп атап жүрген кезеңі еді.

Рақыш ақсақал сол тойда осынау ерекше жанға әнші баласын таныстыруға, ән айтқызып бір сынынан өткізіп алсам деп отырған кезде, Мәмет ақын бір аралықта үзіліс жасап, тысқа шығып қайта кірген кезде ән тыңдап делебесі қозып отырған жұрт басқа да өнерпаздарды ән айтқызып тыңдап, бір жағы олар да әйгілі әншінің көзіне түсіп, ақыл-кеңесін тыңдап қалғысы келіп барын салып өнерлерін көрсетіп жатты. Бір кезде Рақыш ақсақалға қайта кезек келгенде, «бағана мені тыңдадыңдар ғой, мен өз кезегімді артымнан ерген тұяғым мынау Дәнеш деген жалғызым еді осы балама ән салғызып, ел ардақтысы Мәмет ағасының батасын алса деп едім, сіздерден рұқсат болса» деп, домбыраны баласына береді де: «ал, балам, тартыңба, сал әніңе» дей келе Дәнешке домбыраны ұстатып, ыңғайлап отырғызады. Өзі құралыптас бозбалалардың көбі үйлеріне қайтып ұйықтап жатқан кезде, осы бір арықша келген аққұба бозбаланың ән айтылған сайын көзі оттай жанып отырған жерінен ешқайда кетпей әнді ерекше ынтаменен зейін салып тыңдағанына қарап талай жерді аралап, сан топтың алдында ән сала отырып әрбір тыңдаушының көзқарасы мен қабылдауын, зейіні мен ерекшелігін аңғаратын қырағы көз әккі әнші осы бір бозбаланың жай бала емес екендігін әу бастан-ақ байқаған еді. Дәнештің қолына домбыра тисімен бірден ән бастап кетпей, бір жағы мықты әншінің мысы басып, ұялыңқырап, қай әннен бастарын білмей кібіртіктеп отырғанын көріп Мәмет ақын: «ал інішек, қысылма, әу деп жібер» дегенде тез есін жиып, өзі ылғида ә дегенде бастайтын әнін домбырамен сұңқылдата бір қайырып жіберіп, тап-таза мөлдіреген бала даусымен сызылтып бір әуендетіп жібергенде отырғандардың бәрі ұйқысынан бір серпіліп, «Ойбай-ау, нағыз өнер мында жатыр екен ғой», «Ой, айналайын, өркенің өссін, тіл көзден сақта», «Рақыш-ау, мына балаң Мәмет ақын ағасы сияқты әнші болайын деп тұр екен» деген сияқты мақтаулар мен жақсы тілектерін жаудырады. Осы бір елдің өзіне деген ілтипаты мен ықыласына, оның үстіне Мәмет ақынның өзіне ерекше мейірлене ризашылықпен қарағанына арқаланып екінші кезекте бір көтеріңкі дауыспен айтылатын әнді шырқайды.

Таң ата бере ел жан-жаққа тарқасып кете бастағанда, құрметті қонақты арнайы тігілген үйге шақырып, сол жаққа қарай жүріп бара жатып Мәмет ақын Рақыш атаны қасына шақырып, «біраз демалып алғаннан кейін сөйлесейік, келіп жолығыңыз» дейді.

Рақыш қария жалғыз баласының тілі шығып, есі кіре бастағаннан-ақ әнге, домбыраға құмарлығын байқап, бала кезден әнге өзі тәрбиелей бастайды. Бала кезден музыкаға қабілеті өте зерек баласының болашағынан зор үміт күткен әке қалайда кәсіптік жоғары деңгейде ән орындайтын, нағыз әншіден тәлім-тәрбие алуы керектігін армандап, осы елге – Боратола аймағындағы Сайрамкөл жағалауына көшіп келгендегі мақсатының орындалайын деп тұрғанын көз алдына елестетіп, қуаныштан қанша шаршаса да ұйықтай алмай, Мәмет ақынға баратын уақытты тағатсыздана тосады. Түс ауа Рақыш баласын оятып, бәйбішесі дайындап қойған астан ішіп-жеп болғаннан кейін өзі атына мініп, баласына көптен бері дайындап жүрген күміс басты ертоқымды ерттеп қойған құнанға мінгізіп, домбырасын орап, тері қабына салып қоржынның бір басына, екінші жағына бір құры киетін киімдерін орап салып қанжығаға мықтап байлап, құрметті қонаққа тігілген үйге келеді. Қонағымыз қасындағылармен әңгімелесіп қымыз ішіп отыр екен. Рақыш ата мен баласы үйге амандасып кірген кезде қырғыз әндес, қызыл шырайлы, дөңгелек жүзді, қою қара мұрты әдемі жарасқан орта бойлыдан сәл биіктеу, балуан денелі Мәмет ақын орнынан тұрып көптен бері білетін, жақын жамағайы келгендей қуана құшақтасып амандасады да оларды төрге шақырады. Мәмет амандық-саулық сұрасып бірер кесе қымыз ішкеннен кейін, қазір келесі бір ауыл қонаққа шақырып адамын жіберіп отырғанын айтады. Содан ары жаз айлары біткенше Сайрам көлін жағалай қонған елді аралап ән салып, күздің ортасы ауа қыстауға ел қонғанда ауылына бірақ қайтпақ болып отырғанын айтады.

«Әңгімені көп созбай, бірден түннен бергі ойланып-толғанған шешімімді айтайын кәрия. Қазақтың ежелден келе жатқан дәстүрі бойынша атадан балаға, ұстаздан шәкіртке дарып жалғастығын тауып келе жатқан бұл киелі өнер сіздің де ұлыңызға қонған екен, әлі өте жас, буыны қатпаған, әншілігі де бір ізге түсе қоймаған, қанатын енді қомдап алысқа ұшайын деп тұрған сары үрпек балапаныңызды мен баулып көрейін, маған ілестірсеңіз. Өзімнің туған інімдей көріп қасыма алып жүріп барымды үйретсем, ұстазым Әсет ағамыздан алғанымды осы баланың бойына шама-шарқым келгенше дарытсам деген оймен сізге қолқа салып тұрмын», – дейді.

Рақыш кәрия осы бір ойды, осы ұсынысты өзі айтам ба деп келген еді.

«Түнде балам ән салғанда ештеңе айтпастан үнсіз кеткенде ойпырмай мына кісі балам туралы үндемей кетті, ұнатпай қалды ма, әлде, әлі жас бала екен деп қомсынып елемей кетті ме деп сан түрлі ойға шомып, баламның меселі қайтып қалатын болды-ау деп қиналып кетіп едім. Дегенмен келіп жолығыңыз деген бір ауыз сөз медет болып, сол бір ауыз сөзіңіз осында жетелеп келген еді, Аллаға шүкір, айналайын, көктен сұрағаным жерден табылып, өзіңе жолықтырған құдайға мың тәубе, жалғызым саған аманат, өзі де жүрегім осы жақсылықтың болатынына сеніп ұлымды жолға әдейі дайындап алып келіп едім. Ендеше, ақ батамды берейін: «Жортқанда жолдарың болсын, жолдастарың Қызыр әлейкісалам болсын, бәріңді Әсет ақынның аруағы қорғап, қолдап, желеп - жебеп жүрсін! Әумин!»

Бозбала Дәнеш әкесінің ақ батасын алып Мәмет ақынмен бірге аттанады. Осы бір бозбала кездегі ұстаздан тәлім-тәрбие алып, әншілік жолының қалыптасуына кеткен сапарда қаншама ел көрді, жер көрді, қаншама адамдармен дидарласты, қаншама адамдардың ризашылығына бөленіп батасын алды. Бойы да, ойы да өсті, өнері де шыңдалды. Мәмет ақынмен бірге туғандай болып қасынан бір елі қалмай



өмірдің неше алуан қызығын, қуанышын, қиындығын да бірге көрді. Ежелден келе жатқан дала дәстүрі бойынша Мәмет ақынның қасында ілесе жүріп, қыс – қыстау, жаз – жайлауда отырған ел-жұртты аралап ән салып, ер жеткенге дейін 5 – 6 жыл шәкірт болып, Әсеттің әншілік мектебінен тәрбие алып, шыңдалып, үлкен өнер иесі болып қалыптасады. Осы бір әншілік өнер жолы қалыптасу кезеңінде Әсеттің шәкірттерінің бірі Кәдрихан әншіні де бір мәрте халықтың алдында ән салған жерінде көргендігін, оның асқақ дауысты әнші екендігіне тәнті болғандығын өз естелігінде айтады. Мәмет ақынға шәкірт болып ілесіп, ел аралап ән салып жүрген кезеңінде Әсеттің тағы бір шәкірті Рақымжанның ауылына да барып, ән салудың қыр-сырын үйренеді. Рақымжан екі көзі көрмейтін болғандықтан ел аралап ән салмаған екен. Оның әнін ел ауылына барып тыңдаған. Той-жиынға шақырылса бір адам қасында жетектеп жүрген екен. Дәнеш ағаның айтуынша Рақымжанның дауысы Кәдрихан, Мәметтердің дауысынан да жоғары, бірақ құлаққа өте жағымды, әннің иірімін өте жұмсақ айтатын, жүректі баурап алатын, керемет дауыс еді деп отыратын. Рақымжан сол өңірдің ең сыйлы адамы Мешпет бидің немересі. Өзі бай, елге сыйлы қажы әрі бидің жайлаудағы ауылына сапырылып келіп-кетіп жатқан қонақта есеп жоқ. Біреуі қажыға амандасамыз, біреуі биге жүгінуге келсе, біреулері жай әңгіме-дүкен құруға, қызық көруге келіп, осындай іргесі елден, қонақтан босамайтын, қымызы бұлақ болып ағылып, күнделікті үсті – үстіне сойылып, асылып жатқан малдың етінен ішіп жеп, бір жағы келіп-кетіп жатқан қонақтарға ән салып, өнерін шыңдап, сол ауылда айлап жатып Рақымжаннан да Әсеттің біраз әндерін үйренеді.

1946 жылы Құлжа қаласында «Дәулет тобы» деген ұйғыр – қазақ театры ашылып жан-жақтан ел ішінде жүрген өнерпаздарды шақыра бастайды. Дәнеш аға да сол театрға шақырту алып, алғашқылардың бірі болып қабылданды. Осы театрда бірге істеген Қайыпбек Байтасұлын ұстаз тұтып әншіліктің қыр-сырын үйренеді. 1954 жылы «Қазақ облыстық театры» болып бөлініп қайта құрылғанда сол театрда 1959 жылға дейін әнші – актер әрі басшылық қызметтерінде жұмыс істейді. Қытайдың Пекин, Шанхай, Ханжу, Харбин, Пенжим сияқты үлкен қалаларында өнер көрсетті. 1956 жылы Қытайға жазушы Сәбит Мұқанов келгенде қасында жүріп ән салып, ақыл-кеңесін тыңдап, батасын алады. Сол жылы Қазақстан мен Орта Азия елдеріне өнер сапарымен келіп кетеді.

Сол келген сапары туралы көзі көргендердің айтқан естелігінде былай дейді. Қытайдан келген өнерпаздардың ішінде жас әнші Дәнеш Рақышев Алматы консерваториясының акт залында оқытушылар мен студенттермен және халықпен кездесу жасап ән салды. Естуімізше ешқандай музыкалық білім алмаған, тек дала дәстүрі бойынша әйгілі Әсеттің шәкірттерінен, басқа да әншілердің қасында жүріп ән салудың қыр-сырын өз бетінше үйренген, ән салуы ешкімге ұқсамайтын, дауысы да ерекше жас әнші жалғыз өзі осында орындалмаған, бұл жаққа белгісіз, сарыны бөлек 30-ға жуық әннің кімнің әні екендігін, әннің шығу тарихын әңгімелей отырып айтты дейді.

Дәнеш аға 1959 жылы біржолата өзінің туған жеріне – Отанына оралды.

Мұндағы еңбек жолын Панфилов ауданындағы «Октябрдің 40 жылдығы» колхозында ұйғыр – қазақ ән би ансамблін ұйымдастырудан бастаған ол Көктал, Үшарал ауылдарында халық театрын құрып жетекшілік жасайды. Көркемөнерпаздар үйірмесі әртістерінің ортасынан суырылып шығып ел астанасы Алматы, Москва қалалары сахналарында ән салады. 1972 жылы Талдықорған облыстық филармониясына шақыртылып, осында әншілік пен қоса «Шұғыла», «Арай» ансамбльдерін ұйымдастырып жетекшілік етеді. Кейіннен «Тамаша әзіл – сықақ кеші» атты шағын топ құрып, Қазақстанның түкпір-түкпірін аралап ән салып, халыққа аянбай қызмет жасайды. 1976 жылы «Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген әртісі», 1986 жылы «Қазақ ССР-ның халық әртісі» деген жоғарғы атақтарға ие болды. 1990 жылдары Талдықорғандағы қазақ мектеп – интернатында, қазіргі күні Дәнеш Рақышев атындағы мектеп – интернат және Жетісу мемлекеттік университеті музыка факультетінде өз класын ашып, талапты балалар мен жастарды әншілікке баулыды.

Әсет Найманбайұлының әндерін кәсіптік жоғары деңгейде орындап Қазақстанға, елге жеткізуші, таратушы бірден-бір адам – Дәнеш Рақышев. Сонымен бірге сол замандағы осы жаққа елге белгісіз болып келген көптеген басқа да халық композиторлары мен халық әндерін және қырғыз әндерін асқан шеберлікпен орындап жеткізуші. Сондай-ақ Қазақстанның белгілі композиторлары мен әуесқой композиторлардың әндерін орындап, кеңінен таратып насихаттаушы. Әрі композитор ретінде әр түрлі тақырыптарға шығарған 70-тен аса өзінің әндері бар. Сонау Қытайдағы қалың қазақ пен Жетісудағы қазақтардың ішінде міне күні бүгінге дейін Дәнеш Рақышевтан басқа дәстүрлі ән орындаушылық мектебін қалыптастырған бір де бір адам жоқ. Қазақтың ұлы тұлғалары Кенен атамыз, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Ахмет Жұбанов, Нұрғиса Тілендиевтер Дәнешті қазақта дәстүрлі ән орындауда бір-бір мектеп қалыптастырушы Манарбек Ержанов, Жүсіпбек Елебеков, Ғарифолла Құрманғалиевтар сияқты, осылардың қатарындағы өзіндік ән орындаушылық бөлек стилі бар ерекше әнші ретінде бағалаған. Дәнештің әншілік орындаушылық мектебі ғылыми тұрғыда музыка және өнертану ғылымдарымен айналысушы ғалымдардың әлі күнге дейін қызығушылығын тудырып келе жатыр. Көзінің тірісінде бір-бірін әке менен баладай құрмет тұтып жақсы көрген, жиі араласып сыйласқан Жәнібек Кәрменов ағамыз, сондай-ақ қазіргі күні дәстүрлі әншілік өнердің ақсақалдары Қайрат Байбосынов, Қажыбек Бекбосынов, Мырзахмет Мұқаманов ағаларымыз Дәнеш ағаны ұстаз тұтқан.

Әлі есімде, 1992 жылдың көктемі – Наурыз мерекесінің қарсаңында Рахиля апай маған телефон соғып, Алматыдан Жәнібек Кәрменов келе жатыр екен, ертең сағат 11-ге таман біздің үйге келеді, ағаң саған келсін, бірге болсын деп жатыр дейді. Ертесі күні айтқан уақытында ағаның үйіне бардым. Есікті ағаның өзі ашып әдеттегідей амандасқаннан соң төрге дастархан басына шақырды. Ағаның қабағы жадыраңқы, өте көңілді екен. Рахиля апай асхана жақтан келіп амандасып: «Ой әттеген-ай, қонақтарға дастархан дайындап абыр-сабыр болып есіміз шығып, саған қайта телефон соғып ертерек кел деп айтуды ұмытып кетіптім, сәл ертерек келгеніңде Жәнібекті көретін едің, түнде қонақ үйден звандап келетін уақтысын сағат 10-ға ауыстырып жіберді ғой. Асықпай отыратын шығар десем, 40 минуттай ғана отырды да, тамақты да жөнді жеген жоқ, қасында басшылықтың адамдары бар екен асықтырып алып кетті, – деді. – Бірақ өте бір қуанышты жаңалық бар, ағаң өзі айтар» деді. Мен де елең ете қалдым. Аға: «Жәнібек консерваториядағы халық әні бөлімінің бастығы болыпты, мені сол бөлімге өз класымды ашуға мұғалімдікке шақырып жатыр. Осы алдымыздағы жазда емтихан алуға қатысасыз да өзіңізге ұнаған балаларды таңдап алып, күзден бастап жұмысқа кірісіп кетесіз. Оғанға дейін тұратын үй жайыңыз да бір ретке келіп қалар деп кетті» деді. Мен де ағаны құттықтап, «мұндағы университеттегі, мектептегі балаларыңызды қайтесіз?» деп жатырмын. «Мұнда сендер бар емессіңдер ме. Мен ректорға Мырзахмет екеуіңді алып барып таныстырып, жөнімді айтамын» деді.

Сол күннен бастап аға тағы бір көптен бері жоспарлап жүрген шаруасы бар екендігін, соны Алматыға кеткенге дейін жаз кезінде орындау керек екендігін және үлкен дайындық керек екендігін айтып, екеуіміз күн аралата кездесіп, әңгімелесіп, ақылдасып жүрдік. Ол жоспары Алматыдағы орталық телеарнаның адамдарымен 2 – 3 сағаттық фильм концерт түсірту. Соған барлық шәкірттерін қатыстырып, кім қандай әнді орындайды, қай кезде, қай жерге түсіру керек. Міне осы жоспарды айтып маған сол кездегі көзі тірі шәкірттері Зарықбек ағаны, Жақсылық ағаны, Санақ ағаны, тағы басқаларын тауып, қайсысы қандай әндерге дайындала беру керек екендігін хабарлап айта бер деп тапсырма беріп еді. Бірақ, адамның айтқаны мен қалауы Алла қаламаса болмайды екен. Аяқ астынан мамыр айында қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдызы, ерекше дарын иесі Жәнібек Кәрменов ағамыз жол апатынан қайтыс болды деген қаралы хабар келді. Соны

ести сала ағаның үйіне бардым. Аға қаралы хабарды ести сала қатты қайғырып, денсаулығы да нашарлап, төсек тартып жатып қалыпты. Сол жатқаннан оңалмады ғой. Арада біраз уақыт салып арда туған арысымыз, қазақтың әншілік өнерінің ақсақалы, ұстазымыз Дәнеш аға да бақилық болып кете барды.

Рас, Дәнеш аға дүниеден өткеннен кейін ағаның өзі айтқандай мектептегі бастап кеткен ісін ары жалғастырып, класында оқитын балаларға ары қарай мен сабақ бердім. І.Жансүгіров атындағы Мемлекеттік университетіндегі класын Мырзахмет аға екеуімізге жарты ставкадан бөліп бергендіктен біз сабақ жүргіздік. Сол бір аумалы-төкпелі заманда «оптимизация» деген қаулы шығып, бұрыннан жұмыс істеп бір ізге түсіп алғандарды бір-біріне қосып қысқартып, ал жаңадан ашылып ісін енді бастап келе жатқан біздер сабақ беріп жатқан мамандықты мүлде жауып тастады. Сол қарқынмен музыкалық факультеттің өзін мүлде қысқартып жауып бір кішкентай ғана кафедра жасап басқа бір факультеттің қарамағына қоса салды. Бұл енді университеттің тарихындағы екі-үш жылда ауысып отырған ректорлардың жасаған тірлігі.

Дүлдүл Дәнеш Нұрғиса Тілендиевпен ағалы-інідей сыйласып өтсе, Манарбек Ержановты ұстаз тұтты. 1960 жылы Ғылым академиясына барып өнер зерттеуші профессор Б. Г. Ерзаковичке жолығып, осы жақта белгісіз боп келген 100-ден астам халық әндері мен Әсет әндерін басқа да халық композиторлары әндерін үнтаспаға жаздырып, академияның «алтын қорына» қалдырады.

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов «Нағыз дарынды адамды мың емес, миллион адамның ішінде біреуі ғана танып біледі» деген екен. Дәл сол миллионның ішіндегі жалғыз дана да дара тұлға Мұхтар Әуезов Дәнеш Рақышевты 1960 жылы Алматыда өткен Республикалық ақындар айтысында ән салған жерінде көріп, өзіне шақыртып, танысып, әңгімелесіп, әндерін тыңдай отырып, ән айтуда ешкімге ұқсамайтын өзіндік өрнегімен ерекшеленетін дарын иесі екендігін танып – біліп, жоғары бағасын берген екен. Ұлы тұлғаның берген жоғары бағасы мен ақ батасын алған Дәнеш Рақышев домбырамен қосылып дәстүрлі ән орындауда ешкімге ұқсамайтын өзіндік өрнегімен ерекшеленетін, Жетісудағы Дәнештің дәстүрлі әншілік – орындаушылық мектебін қалыптастырып кеткен дара тұлға.

Әйгілі әнші дүниеден өткеннен кейін Талдықорғандағы бір көшеге, қазақ мектеп – интернатына, Жаркенттегі бір көшеге, Үшарал халық театрына, Талды ауылындағы мектепке, Жаркенттегі балалар өнер мектебіне атын берді. Алматы, Астана, Талдықорған, Жаркент өңірінде әр кезеңдегі мерейтойлары мен әндерін орындаушылардың Республикалық байқаулары өз деңгейінде өтіп келеді. 90 жылдық мерейтойы қарсаңында Алматыдағы Ықылас атындағы Ұлттық аспаптар мұражайына әншінің домбырасы қойылуына арналған шара өте тебіреністі жағдайда өтті.

Ағаның Ерғали Наймантаев, Зарықбек Рақыжанов, Санақ Әбеуов, Мәдениет қайраткері Жақсылық Мырқаев сынды шәкірттері ұстаз аманатын өз деңгейлерінде орындап кеткен жандар еді. Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Мырзахет Мұқаманов, Мәдениет қайраткері Абылайхан Хармысов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұржан Жанпейісов және Серікбол Шыныбаев сияқты шәкірттері, әрқайсымыз ұстазымыздан алып қалған әншілік өнерді қал-қадірімізше жалғастырып келе жатқан жайымыз бар.

Кенже шәкірті Нұржан Жанпейісов біраз жылдан бері Ж.Елебеков атындағы эстрада-цирк колледжінде және Т.Жүргенов атындағы қазақ Ұлттық өнер академиясында Дәнеш ағаның ән класын ашып сабақ беріп келе жатса, мен оншақты жыл Талдықорған қаласы «Өнер» мектебінде өнерге, әнге бейімі бар балаларды оқытып, тәрбиеледім. Кейінгі 6 – 7 жылдан бері Қанабек Байсейітов атындағы саз колледжінде арнайы Д.Рақышевтың ән класын ашып, дарынды жастарды оқытып тәрбиелеп жатырмын.

Мәңгілік Қазақ елі тұрғанда Жүсекең, Ғарекең, Манарбек пен Дәнеш ағалар алтын қазығын қағып бір-бір мектеп қылып қалыптастырып кеткен қазақтың әншілік орындаушылық өнері – шәкірттері барда, солардан оқып тәрбие алып ары қарай жалғастыратын дарынды жастар барда ұрпақтан ұрпаққа үзілмей мәңгілік жасай береді.

Абылайхан ХАРМЫСОВ,
Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясының әншісі, Қ. Бәйсейітов атындағы саз колледжі Жетісу әншілік мектебі Д.Рақышевтың әншілік - орындаушылық класының ұстазы.

АҚЫНДЫҒЫ АЗАМАТТЫҒЫМЕН АСТАСҚАН

журналист Нұрахмет АХМЕТОВ 70 жаста

Мектеп қабырғасында оқып жүргенде-ақ қалам ұстап, жазу-сызуға әуес болып өскендіктен бе, ат жалын тартып азамат атанғаннан кейін де араласатын ортамыз шығармашылық ордаға қарай ойысты. Әдебиет әлемінде әуелеп кетпесек те, журналистика жанрында жалау ұстаған жампоздардың жанында жүріп, бұл жалғанның біраз сүрлеу-соқпақтарын жол қылып келе жатқан жағдайымыз бар. Баспасөз саласы болған соң аралас-құраластығымыз жарасқан жандардың дені де ақын-жазушы, тілші-суретші, әнші-күйші... бір сөзбен айтқанда, шығармашылықпен шұғылданатындар. Олар да – пенде. Мінез-құлықтары – әр қилы. Күнделікті күйбең тірліктегі қарекеттері де сан алуан. Шығармашылық қарым-қабілеттері де әр деңгейде. Бірақ, олардың осынау болмыс-бітімдерін оң-солымды тани бастағалы мен ең алдымен төмендегідей бір ұстаныммен бағалауға дағдыланғанмын: Некрасовша айтқанда «Ақын болу – өз еркің, азамат болу – парызың!».

Бүгінгі таңда жетпіс жастың желкенін керіп, ақын-жазушылық пен тілшіліктің тізгінін тең ұстау арқылы өкшебасар ізбасарларына ірілік пен зиялылықтың үлгісін танытып келе жатқан Нұрахмет Мырзалимұлы Ахметов осы ой-тұжырымның бүгінгі көрінген азамат. «Азамат» деп тегіннен-тегін айтып отырған жоқпыз. Оның ақындығы мен журналистік шеберлігіне тек ұйғыр ұлтының оқырмандары ғана емес, жазиралы Жаркент жеріндегі қазақ бауырларының қалам қасиетін қадірлейтін өкілдері де түгел тәнті. Қазақ, ұйғыр, орыс тілдерінде шығатын аудандық газеттен бастап, облыстық, республикалық, тіпті, мемлекетаралық басылымдарда жарық көрген жарияланымдары, әр жылдары әр алуан баспадан шыққан бірнеше жыр жинағы – осыған дәлел. Бұл туындыларына қарапайым оқырмандардан бастап, мүйізі қарағайдай әдебиет сыншыларының берген жоғары бағалары оның шығармаларының шоқтығын тіптен биіктете түседі.



Нүкеңнің осынау қаламгерлік қарым-қабілетіне әріптес серігі ретінде мен де әрдайым марқайып, қуанып жүремін. Оған қоса қарапайым кісілік келбеті мен азаматтық абыройына қашан да құрметпен қарайтынымды қайталап айтудан еш жалықпаймын.

Әдетте, әр нәрсені салыстыру арқылы ғана айқын сараптап, ара-жігін ажырата аласың ғой. «Қаламгермін» деп кеуде қаққан талайлардың күнделікті өмірдегі күйбең тірлігін, өздерінің пендауи күйкі пиғылынан аса алмай жүретін пасықтау майда қылығын көргенде Нұрахметтей шайырдың шырайы көз алдымда шыққан күндей жарқырап сала береді. Жүрегін жарып шыққан жырларының бірінде жазғанындай: «Үрімшіден ұшып шыққан ұшағымыз Вашингтонға тікелей барып қонатындай күн туса...» дегендей сарындағы ұлттық ой-арманының бүгінен үн қатқан оның өлеңдері қашан да өршілдігімен өзгешеленеді. «Тауда бұғының тұяғы тасқа тисе, ойда сиырдың мүйізі сырқырайды» демекші, қай жерде, қай елде болмасын туған ұлтының көңіліне кірбің келетіндей оқиға орын алса, оның өлеңін де сондай көлеңке көлегелейді...

«Ақын болу оңай деймісің, қарағым, Аузында болу сыздаған сансыз жараның» деп қазақтың қайсар ақындарының бірі айтқандай осындай ой заңғарынан сөз саптайтын Нүкең күнделікті өмірде де кісілік кейпіне ешқашан кір жұқтырмай келе жатқанына оны таныпбілген қырық жылдан астам уақыттан бері көзіміз анық жеткен. Бір сөзді. Жалтаруға, жағымпаздануға жаны қас. Кейбіреулер тәрізді ұсақ-түйекті терміштеп, төмендей бермейді. Барды – бар, жоқты – жоқ деп бірден айту – ежелгі әдеті. Осынау бекзаттық, құрдастары әзіл-шыны аралас айтатынындай «князьдік» қалпы жазған-сызғандарынан да анық аңғарылып тұрады. Сондықтан да болу керек, өлеңдері де, журналистік жарияланымдары да жұртшылықты елең еткізбей қоймайды. Жырлары жоғары бағаланып, кезінде «Илья Бахтия атындағы сыйлықтың лауреаты» атануы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшелігіне өтуі, аудандық газеттің қатардағы тілшілігінен – бас редактордың орынбасарлығына көтерілуі, одан кейін «Ұйғыр авази» сияқты республикааралық ірі басылымның меншікті тілшілігіне тағайындалуы да осындай туma талантының, турашыл тұрпатының тегеурінінен.

Осы арада еріксіз еске түседі: осыдан тура қырық жыл бұрын мен биыл тұңғыш нөмірі шыққанына 100 жыл толғалы отырған сол кездегі аудандық «Жаңалық жаршысы» газетіне дәл 5 мамыр - Баспасөз күні корректор болып орналасқан едім. Арада он шақты күн өткенде ол да газеттің ұйғырша нұсқасы – «Иеңилик авазиға» тілші болып келді. Сүйікті газет редакциясының табалдырығын алғаш рет қызметкер ретінде қатар аттағаннан ба, азамат ретіндегі араластығымыз да артып, қаламгерлік өміріміз де қатар өрістеді. Сәл кейінірек жұбайы, марқұм Розигул әдәмыз да редакцияға қызметке орналасты. Қатар жүзген қос аққудай қолтықтасып, қаламыздағы Жаркент көшесін бойлай жоғарылап жұмысқа келе жатқан оларға талай жұрттың тамсана, сүйсіне қарағанын көрген едік. Амал қанша, ол күндер де өтті. Тұрған Тазабеков, Әділжан Сегізбаев, Павел Иванович Костин, Жақып Заманбеков, Рай Омашев, Сейітқазы Бақберов, Абдрахман Барами, тағы басқа да жаркенттік ақын-жазушы, баспагер бауырларымызбен бірге өткізген қызыққа толы кездеріміз де көңілде тек тәтті естелік болып қалды.

Сонау өткен ғасырдың сексенінші жылдарының ортасында «Баһар нахшилири» деген тұңғыш жыр жинағын Алматыдан Жаркентке алғаш арнайы алып кеп, оны қатты қуантқаным әлі күнге дейін жадымда. Одан кейін тонның ішкі бауындай тілектес-ниеттес бір топ қаламдастар арқа-жарқа «алақайлап», автордан арман «шаттанғанымыз» да еміс-еміс есте...

1993 жылы шілде айында атақты Орбұлақ шайқасындағы Ұлы Жеңістің 350 жылдығы атап өтілгені баршаға мәлім. Осы торқалы той қарсаңында тарихи орынмен жете танысу үшін аудандық газеттің бас редакторы ретінде бір топ тілшіні бастап Белжайлауға барған едік. «Қазақтың жайлауын көр» деп Нұрахметті де ала кеткенбіз.

Тамаша тау көрінісі. Саф ауа. Тап-таза мөлдір бұлақтар. Жап-жасыл жоталар. Қызылды-жасылды гүлдер көмкерген бөктерлер... Қысқасы, айналадағы табиғат сұлулығынан көз тұнады. Сонда табан астында тосын сөздерді төге салуға шебер шайырдың: «Е-е, қазақ бауырларды енді түсіндім. Тойды неге таудың басына апарып, «тығып жасайды» десем... Осындай кереметі бар екен ғой» деп «тамсана» айтқан тапқыр сөзі ел арасына лезде тарап кеткен.

Осылайша қаламгерлік қарекет барысында талай-талай қызықты кездерді бастан бірге кешкен Нүкең биыл жетпіс жастың биігіне жетіп отыр екен. Осынау асуы аласармасын, жасына жас қосылған сайын абыройы да артып, шығармашылық шабыты да шалқи берсін!

Нұр ӘДІЛ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

МЕККЕГЕ ҮШ БАРҒАН ӘЖІБЕК ҚАЖЫ

Әжібек қажы 1803 жылы дүниеге келген. Ірі бай болған. 3000 жылқы, 10 мың қой, 1000 ірі қара, 100 түйесі, 50 паратты, 20-дай бір атты арбасы бар-ды. Мекеге 3 рет. Мединеге 2 рет барып қайтқан. 1840 жылы Мединеге барған сапарында Мекке-Медине қауымдастығының басшысы – дінбасылардың, сондай-ақ Араб елі басшысының рұқсатымен Мединеде Мұхаммед Пайғамбардың денесі жатқан мешітке кіріп тәуба еткен. Сондықтан да мұсылман, оның ішінде қазақ жұртының құрметіне, сенімі мен беделіне ие болған.

Әжібек қажының 3 әйелінен 10 ұл, 1 қызы болған. Ұлдары: Төребек, Мырзабек,



Қажыбек, Байбек, Бибек, Болысбек, Жұмабек, Жаңабек, Әділбек Әлібек, өңкей бектер екен. Жалғыз қызының аты Балдай. Балдайдың шешесі Әжібек қажының екінші әйелі Қазына екен. Балдай қыз бен Құдайберген қосылып, олардан Жаңабай туылады. Әке-шешесі 6 жастағы Жаңабайды нағашы атасы Әжібек қажыға апарып берген. Әжібек қажының қолында жүріп Жаңабай Жаркент медресесін бітірген. Жаңабайдың Жаңабай болуы, біріншіден Құдайдың арқасы да екіншіден елдің арқасы, үшіншіден әке-шешесі Құдайберген мен Балдайдың, нағашы атасы – өзі ұстаз тұтқан Әжібектің арқасы.

Әжібек қажы оқыған, ақыл-ойдың иесі еді. Оның үстіне Құдай оған қасқырдай-қасқырдай он ұл, шешесінің құрсағынан түскенде күміс шашты, өсе келе өзі дәрігер, өзі көріпкел Балдай атты қызды берген. Әжібек қажы мына шеті Қашқар-Қытай, ана шеті Араб, Түркі, Орта Азия елдерімен сауда жүргізіп, керуендеткен бай еді. Сол байлықтың арқасында ерте ел танып, жер танып Меккеге-Мединеге бірінші рет барып келеді. Балалары да өсе келе әке жолын қуып, әке көргендігін жасап саудаға кірісіп, шаруаның көзін тауып кеткен-ді. Әжібек қажының жолында тіс қаққан қытай, ұйғыр, дұнған, араб саудагерлері тұрған-ды. Бұлардың ішінде ұйғыр Уәлибай, дұнған Ли-Ли-Зо, татар Ғұсыман, араб Уаис, тәжік Раджибай сынды саудагерлер керуен тартып келіп, Әжібек қажының қонағы болып жатып-тұрып аттанатын-ды.

Адам танитын Әжібек қажы пысық Уәлибайды бауырына тартты. Уәлибай Әжібек қажының сеніміне кіріп, оның байлығын орынды пайдалана білді. Уәлибай Әжібектің де, өзінің де байлығына байлық қосты...

Зерек, дарынды туған Жаңабай Әжібек қажы атасынан көп нарсені үйренді. Әжібек қажының достары Уәлибайдан ұйғыр тілін, орыс купеці Балганцевтен орыс тілін, Ли-Ли-Зодан қытай тілін, Уайыстан араб тілін үйренеді. Ұйғыр, қытай, араб, орыс музыкасын, ән-биін үйреніп, нақышына келтіртіп тартып, билеп те кететін-ді...

...Жаңабай 1877 жылы Әжібек қажы мен Уәлибайдың керуенін бастап Қашқарға барды. Жаңабай Қашқар сапарында 6 шәрі аталған қалаларды түгел аралады. 3 жасында қалмақ-қазақ соғысында қолға түскен, содан 12 жасында қашып, қалмақ қонтайшысының екі тұлпарын мініп, Ілені жарып өтіп елге келген Хангелді батыр бабасының қалмақта жүргендегі жерлерді көрді. Ханкелді батырдың шешесі Береке әже

қалған Құлжа шаһарын көрді. «Әже! Жатқан жерің торқа, иманың жолдас болсын! Мен сенің шөпшегіңмін ғой. Албан, Суан, Дулат елінен, Қоңырбөріктерден, Майлылардан, сенің ұрпағың, менің әкем Құдайбергеннен саған арнаған құран сауабын қабыл ал! Ұрпағыңды қолдап жүр, әже! Хангелдіні сағынған әже, Хангелдіге 1 тал шашыңды қиып беріп, «елге барғанда күйдір, мен ауа арқылы сенің ел тапқаныңды білейін» деген ақылды әже», – деп егілген Жаңабай құран оқиды. Жаңабай Қашқар сапарына разы болып қайтты. Осы сапарда Жаңабай «Хангелді», «Береке», «Әжібек қажы», «Уәлибай» деген жыр жазады.

ӘЖІБЕК ҚАЖЫҒА

Нағашы атам Әжібек,
Арғы атасы Асылбек,
Құрметтейді ел жұрты-
Меккеге барған қажы деп.

«Мединені көрген деп.
Суаннан сәлем берген деп,
Пайғамбар жатқан мешіттен,
Топырақ ап келген» деп.

Нағашы апам Қазына,
Құдай қосқан қажыға,
Ақыл-ойлы, ақпейіл,
Жаққан кара, казыға.

Жаққан апам – үйіне,
Жаққан ауыл – еліне,
Абысын мен ажынға,
Жаққан Суан жеріне.

Мекені еді Жаркент,
Әлімсақтан бар кент.
Ғұн мен сақтың ұрпағы –
Суандарға бас кент.

Нағашы менің Суан-ды,
Батыр ұл-қызы туған-ды.
Алдына салып Қалмақты,
Жетісудан қуған-ды.

Суанды Құдай оңғарды,
Қырып жойып жоңғарды.
Асыра қуып Гобиден,
«Ақтабанды» қайтарды.

Әжібек қажы – ұстазым,
Ұстазыма мың тағзым.
Медіресені бітірдім,
Қолында өтті қыс-жазым.

Жаңабай, 1878 ж. Жаркент.

Жаңабай медреседе оқып жүрген кезінде де, оны бітіргенде де Әжібек – Уәлибай керуенін басқарып Азия, Европаның бірталай жерін басып өткен, жүрген жерлері мен көрген елдері туралы күнделік жазған адам.

P.S. Бұл жердегі Әжібек қажы Суан тайпасының Сатай руынан шыққан. Әжібек қажы Жаркенттегі мешіт-медресенің салынуына бас-көз болған идея авторы. Меккеге үш мәрте, Мединеге екі мәрте барып, араб дінбасыларының арнайы рұқсатымен пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с) денесі жатқан мешітке кіріп тәуба еткен Әжібек қажы елге келген соң Алла үйінің өз өңірімізде – Жаркентте бой көтеруіне ықпал еткен бастамашыл тұлға. Әжібек қажы – атақты Мұқа болыстың атасы.

ЖЕР ТАРИХЫ – ЕЛ ТАРИХЫ

Қара жерге тіл бітсе,
Қара қылды қақ жарар.
Жер ана, адам баласы,
Сонда орнын дәл табар.

Жаркент өңіріндегі Суаннан Бәйтүгей, Тоғарыстан деген екі баласының ұрпақтарының орналасуы:

– Өсек өзенінің батысынан – Басшиге дейін Тоғарыстан ұрпақтары;

– Өсек өзенінің шығысынан – Қорғас өзеніне дейін Бәйтүгей ұрпақтарын орналастырған. Бұл ел шекарасы Қорғас болып белгіленгеннен бергі анықтама, ал одан бұрынғы ғасырларда Токтабарлықтағы Суан зиратынан бері қарай Қас, Күнес, Текес өзендерінен бастауларына дейінгі өңірді алып жатқан. Бұл заманда Суан ұрпақтары аралас қоныстана беретін. Ел шетінде орналасқандықтан, заман қасіретін көп тартқан, елдің аз болуына да соның әсері тиген болса керек.

Бәйтүгей ұрпақтары Өсектен шығысқа қарай орналасты дедік. Оны бабаларымыз мынадай тәртіппен бөліпті: Молақ Бәйтүгейдің үлкен баласы болғандықтан, алдымен Молақтан бастаған. Құдайберді немере баласы болғандықтан, кейін Молақ ішіне келіп орналасады.

Сонымен:

– Молақ – Құдайбердіге: Өсек, Талды, Бұрқан, Аршалы, Кесік, Үңгірбастау, Жыңғылды өңірін берген. Басы тау, аяғы Іленің аяқталады.

– Сатай – Алдиярға: Сарыбел, Қоңырқойнау (оны ұйғыр ағайындар Қоңыр дөң деп атап кеткен, қазір Тұрпан өңірі), Тышқан, Нарын, Керіш, Қаратас, Жаманбұлақ өңірін берген. Басы – тау, аяғы – Іле.

– Елшібекке – Шежін, Бесқарағай, Көксай, Желдісайға дейінгі өңірді берген. Бұл жерлердің де басы тау, аяғы Ілеге дейінгі жерді қамтып отырған.

Кейін өсе келе Молақтарда байлар көп болып, мал-жан сыйыспайды. Содан Алмалы, Басқұнша, Ақдала, Ынталы, Ілеге дейінгі өңір, Қорғастың батысындағы тауларды алған. Бұл жерлерде бұрын аздаған Дуандар, Шалақазақтар және бытырап жүрген басқа да ата балалары болған. Бірақ, жер кең, адам аз болса керек, сонымен Алмалы өңірі де Молақтың жері болып қала беріпті.

Бұл бір жарым, екі ғасыр ілгерідегі тарихи шежіре. ХХ ғасырдағы Совет өкіметі жылдарындағы елдің ары – бері қозғалысы бұл жердің елінің санын көбейте түскен.

Бұрын Молақ, Құдайберді Бұрқан өңірінде түгел отырғанда, сол елдің өкілі «Молақтың төрт шалы» деп атаған адамдар мыналар екен:

– Қантарбай ұлы Құлманбет (Сүйінбай)
– Бостан ұлы Бүрлібай (Дәулетбай)
– Қайып ұлы Еселбай (Сексен)
– Бақыбай ұлы Оңғарбай (Қасаболат)

Бұл ақсақалдар ел ішінде болып тұратын дау, шатақ, ағайын арасындағы реніш, басқа да кісілікті жұмыстар осы ақсақалдар арқылы шешімін тауып, түзу жолға түсіп отырады. Сондықтан солай аталған болса керек.

Қорғас жағасында бұрыннан орналасқан Молақтар:

– Төлебек бидің бабалары, Мергенбай ұрпағы, Еркебай, Тоқсаба ұрпағы (Қабанбай), Қонысбай ұрпағы (Сексен), Барақ тұқымы, Мамай, Малбағар, Сарымырза ұрпағы (Дәулетбай);

– Итбай, Ырысбай ұрпағы (Шақа);

– Күлет тұқымы, Алпысбай, Жетпісбай, Отызбай ұрпағы (Сүйімбай),

– Ес тұқымы, Шерубай, Шындалбай, Шеңгелбай ұрпағы (Шәуке), Жантелі ұрпағы (Қасаболат).

Бұлар XVIII-XIX ғасырлар шамасында басталып, орналасқан. Молақтың бір баласы Жәмеңке. Бұлар Әулиеата – Жамбыл, Шымкент облыстарында орналасып қалыпты. Оның тарихи себептері, ілгері ғасырларда (XVII ғасыр) бұл жерлер жау қолында қалып, ел Сыр бойына дейін үркіп барған. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл

сұлама» атанған ғасырларда барған екен. Кейін қазақтар күш жинап, жерді жау қолынан босатқаннан кейін, өз атамекен қонысына қайтып келіп орналасады. Жәмеңке ұрпағының нағашысы Дулат екен. Сонда келмей қалып қалады. Содан ұзақ жылдар, ғасырлар бойы сол жақта мекендеп қалады. Оларды да 1998 жылдың маусым айында барып, тауып, ата шежіремізге, тарихымызға енгізіп отырмыз. Олар да қазір 100-ден астам жанұя болып өсіпті.

Қазір көзі тірі куәгер қарт ақсақалдар ауызынан:

Әлімқожа Садуақасов (15.05.1998 ж) – Ұлы Отан соғысының ардагері, 30 жыл ел басқарған. Қазір 85 жаста. Өсек Бұрқан өңірінде туып өскен. Сол қария ауызынан:

«Молақ ауылының әлеуметтік тұрмыс жағдайларына байланысты, жер жағдайына қарай қонысқа орналасуының өзі көп нәрсені аңғартады. Өйткені, егіс егуді негұрлым сулы жерге қарай көңіл бөлген. Егістікті сумен қамтамасыз ете отырып, үздіксіз түсім алу бұл жағынан ешқандай қиындық көрмеуді ойластырған. Мал бағып, оны өсіріп, онымен үнемі, күнделікті тіршілікке пайдалану үшін малдың да жағдайын ерекше ойластырған. Ол үшін малдың жайлауы, күзеуі, қыстауы, көктеуін дұрыс шешіп отырған. Мұның өзін мен 1924 жылдан көзіммен көріп отырғандықтан айтып отырмын.

Шақалар ауылы – Талдының төменгі босағасында Иманалы, Жадыра, Оспан деген – 10 шақты үй Өсектің жағасында отырды. Оның үстіңгі жағында Имантолы деген отырды. Оның арғы атты құлағына жететін. Бұлар бірнеше үй бірінші бастаудың оң жағында отыратын. Ол бастаудың сол жағында Қастыбай, Меркібай, Құткелділер отыратын.

Екінші бастаудың оң жағында Жырғабай отыратын. Қасында қой, өгіз бордақылайтын қоралары бар. Екі әйел алған кісі. Үлкен әйелінің атын ұмыттым, екінші әйелі – Нұрлыхан. Үлкен әйелінен Оразақын туған. Одан Абай, Солтанқұл деген екі бала болды. Бұлардың бәрі қазір Қоңырқойнау ауылында тұрады. Нұрлыханнан Жамаш, Нұржамаш, Жұмаш деген қыздары бар. Нұржамаш Басқұншада тұрады. Жырғабай адам еңбегін қанамаған адам, өз еңбегімен байыған. Ол кісі үй жасаған. Ағаш үйдің керегесін, уығын, шаңырағын, жүк ағаш, төсек, басқа да ағаштан керектілердің бәрін жасаған. Өте шебер кісі болған. Осы жасағандарының бәрін көзіммен көрдім. Жырғабайдың үйінің қасында май тартатын жуазысы болды. Оны Құткелді тартатын.

Үшінші бастаудың қасында Нүсіпбектің Қасені отыратын. Бұдан төмендеу Керімқұлдың Жүнісі отыратын. Ағашшы ұста еді. Үйлердің есігін, келі-келсап жасайтын. Бастаудың төменгі босағасында Бөрібайдың Ахметі отыратын. Осы жоғарғы аталған жерлерді «Жырғабайдың текшесі» дейді. Иманалы да диірмен ұстап отырған. Бұлар Жырғабайдың диірмені екен. Өсек жағасында 20 (жиырма) гектардан шабындығы болды. Жырғабайдың малын бағып, егінін салып, шөп дайындайтын. Мұны Сман, Смағұл, Шошынай, Омар, Мұхаметжан, Жүніс, Қиқылан дегендер тұратын. Қысы-жазы істейтін еді. Бұлардың тамағы тоқ, киімі бүтін, ақыларына разы.

Жырғабай бай болған адам. Түркменнен 500 еркек қойға бір сары ат алып келіпті. Оны мен көрдім. Биік қайқы бел, құлағы тік қамысты ат екен. Ақалтеке болуы керек. Өте сұлу, әсем екен. Жырғабайға 1929 жылы қыркүйекте кәмпеске келеді. Сонада 700 қой, 60 жылқы, 37 ірі қара, 7 түйені өкіметке алды. Алты қанат үйді – үй іші жабдығымен, ағаш төсек, жүк жиғыш үш теңді түйеге артып, Сайдыбаттал, Көдек (Мұқайдың інісі) екеуі алып кетті. Мен қасымда отырған Қасымбек деген жездемнің үйінде едім. Мені Бұрқаннан оқисың деп, сонда апарып қойған болатын.

Осы текшенің астында – Өсек жағасында Бөрібайдың Есжаны отырды. Оның аяқ жағында Іргебайұлы Омар отырды. Ол кісі ұн тартатын. Диірмен ұстады. Бұл диірмен Жырғабайдікі болатын. Бұдан төмен Бөрібай Бағасбектің ауылы болған екен. Ескірген тамдары тұрды. Бағасбектің алмасы деген кейінгі кезге дейін тұрды. Бұдан төмен Жармұқамет пен Садуақас екеуінің үйлері мен қора жайлары бір жерде болды. Жармұқамет қарала атпен май тартқан, жуазы Жырғабайдікі екен. Бұдан төмен менің нағашы Солтанқұл Ақтайлақпыз дейтін Тұтқабек, Ахметжан, Нұрмұхаметтер отырды. Бұдан төмен Сман, Әшім, Қасымдар отырды. Бұдан төмен Тұрсынбектің ауылдары төрт-бес үй отырды.

Бұдан төмен Омар, Әубәкір деген Үркімбайдың ауылы дейтін 5-6 үй отырды. Бұдан төмен бет ағаштың ауызында, Өсек жағасында Бектеміс әжінің ауылы отырды. Рахманбек, Бөкей тамдары біріне-бірі тақап салған. Айналасы қалың өрік болды. Рахманбектің Мамырбек, Шәріпжан, Халық, Қасен деген балаларын көргем. Өсектің жағасында 10 (он) гектардай «Дөңгелек саз» деген шабындығы болды. Осы ауылдікі дейтін.

Үстіңгі текшені «Үркімбайдың текшесі» дейді. Оның басында Меңдібай, Мәдилер отырды. Наурызбай деген баласы болды. Текшенің аяғында, бастау басында Үркімбайдың өзі отырды. Орны әлі бар. Жылқыларының санына үш таңба басады екен. Өсек жағасында 4 (төрт) гектардай бедесі болды.

Бейіттің күншығыс жағындағы сайда Өгізбай, Танабай, Іргебай қыстаулары болған. Өгізбайдың қыстауы болған сайда колхоз 1960 жылға дейін қой қыстатып жүрді.

Бұның өр жағында Құлмамбеттің қыстауы болды.

Бұрқанның іші – Қарағашта Солан деген адам мекен етіпті. 50 гектардай жер «Соланның сазы» деп аталады екен. Әлі күнге дейін солай аталып жүр. Жыңғылдың ішінде Бүрлібай, Есебай, Күсебай дегендер отыратын. Оларды «Түйелібай» дейді екен. Түйелері көп болатын. Аршалының ішінде дәу қара тастың қасында Бұрлыбайдың қыстауы, оның ар жағында Бектемістің қыстауы, оның ар жағында Иманшалының – Абишаның қыстауы болған.

Құрашының аяғында, Жуан төбе жақта Ұлтанбайдың қыстауы болды. Қорасының, үйінің, орны әлі күнге бар. Құрашының басындағы бетте – бастау басында Оңғарбайдың үйі болды. Жүнісов Ыбрайымды сынапқа жығып емдегенін көрдім.

Бұрқаннан су алып шыққан «Ұлтанбайдың арығы» деген екі арық бар. Бірі Шолақ мұрынға су әкелген, бірі Молақ мешітіне су әкелген. Шолақ мұрындыға әкелген су мен 200 гектардай жерді суландырып, егінге салған екен. Осы тұстан төменірек Бұрқан өзенінің жағасында Саяқ, Серектің қыстауы болыпты. Молақ мешітінде Кебек деген кісі ұзақ жыл имам болған.

Молақ мешітіне 1927-1928 жылдар намазға барған әкеммен бірге барып жүрдім. Бір жылы барғанымда, өрік піскен кезі екен. Мешіт айналасы қалың ағаш және өрік, алма екен. Сонда түйемен өзбектер де жеміс-жидек, кіш-мішін, қант, шәй, басқа да кез малдарын сатып жатқандарын көрген едім. Мешіттің қабырғасы 1976 жылға дейін тұрған еді.

«Жанайдың бастауы» деген бастау бар. Үй, қора жайының орыны болған. Мал жайылымы Үңгір бастаудың басы – Сарыбелге дейін иемденген екен.

Қарағашта 50 гектардай жерді күні бүгінге дейін «Соланның сазы» дейді. Демек, егін егуге ерекше мән берген адам болған ғой. Бай болған, ел билеген, заманында аты шыққан адам екен. Соланның әкесі Айсары би екен. Соланның баласы – Нұрмұқа. Солан палуан болған. Диқаншы жұрт адамы болған. Дабан, Солан ағайынды кісілер екен. Бай болған. Жазғы таудағы жайлауды да дұрыс пайдаланған.

Сарытаудағы Қисық сайдан бастап, Кіші Бұрқан, Қарашоқы, Шапқан жол жайлауын Бектеміс әжінің ауылы иемденген екен.

Үлкен Бұққанның аяғы: Екі ашада Үркімбайдың ауылы отыратын.

Бұрқанның шығысқа тартқан саласында – Қылды қарағай мойнағында Абиша, Иманша ауылы отыратын.

Үлкен Бұрқанды асуға дейін Жырғабайдың ауылы – Сүйімбай, Шәуке ауылдары отыратын.

Бүгінгі күнге дейін Жырғабайдың текшесі, Үркімбайдың текшесі, Бектемістің қыстауы, Бөрібай, Бағысбектің қыстауы, Ұлтанбайдың қыстауы, Соланның сазы, Өгізбайдың қыстауы, Жанай бастауы, Оңғарбайдың қыстауы, Молақ мешіті деген сол сияқты жайлау аттары көп. Сарытаудың Қисық сайынан Кіші Бұрқан, Қара шоқы, Шапқан жол, Екі аша, Үлкен Бұрқан, Қылды қарағай жайлауына дейін иемденген екен».

Қорыта келгенде Молақтар егінге сулы, малды қыстауға, көктеуге, күзеуге, жайлауға ыңғайлы жерлерді мекендеген. Өсек жағасын Жырғабай, Үркімбай текшесін, Жуан төбе, Қара ағаш, Үңгір бастау, Құрашы, Қисық сай, Қара шоқы, Шақпақты, Үлкен Бұрқан, Әділбек текшесіне дейін иемденген. Молақ мешіті Бұрқандағы орыс елді мекенінің аяғында болған.

Молақтар 1914-1917 жылғы бірінші Дүниежүзілік соғыста қазақтарды әскерге жұмыс істетуге балаларды ала бастағанда бүкіл ел сияқты Қытайға өтіп кетеді. Содан, 1917 жылы Октябрь төңкерілісі өткеннен кейін қайта өтіп келеді. Сонда Қорғас жағасында орналасқан бұрынғы Молақтардан басқа біраз үй Алмалы, Бестөбеге орналасып қалады. Көпшілігі бұрынғы өздері отырған Өсек, Бұрқанға қайта келіп орналасады.

Содан 1929-32 жылдары Қытайға қайта кетеді. 1955 жылдан бастап қайта келгендер әр жақтарға тарап кетеді. Өз жағдайларына қарай көпшілігі Алмалы айналасында орналасады. Алда қалай болатыны белгісіз. Бір жерге жинау керек қой!

Тұрған НОҒАЕВ
1998 жыл

Ноғаев Тұрған Нүсіпұлы 1938 жылы туылған. 20 жылдай колхоз шаруашылығында әртүрлі салада жұмыс істеген. Білімі жоғары. Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институтын бітірген. 20 жыл Сатай батыр атындағы орта мектепте география пәнінен сабақ берген ұстаз. Қосымша ел, жер тарихын зерттеумен, шежірені жинақтаумен айналысқан. Құсбегі. 2011 жылы қайтыс болды. Жинақтаған тарихи мәліметтері мол.



ҒАЛЫМНЫҢ ҒАЛАМАТТАРЫ

Ғалым Смағұлұлы Боранбаев – 1975 жылы Панфилов ауданында дүниеге келген. 1996 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің көркем-сурет факультетін бітірген. Карикатура жанрының хас шебері ұзақ жылдар «Жас Алаш» газетінде қызмет еткен. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының, көптеген шетелдік, халықаралық байқаулардың (Люксембург, Ресей, Украина, Сирия, Корея, Германия, Иран, Түркия, Бельгия) жеңімпазы.

Ғалым Смағұлұлының әр карикатурасы боямасыз дәл бейнеленген. Байыппен қараған жан бүгінгі қоғамның көрінісін суреттерден жазбай таниды. Төменде карикатура сардарының бірқатар суреттерін беріп отырмыз.









Ұшты, ұшты, протон ұшты



«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ
Меншік иесі: **«БАҚ» ЖК**
Директор – **Дархан БЕЙСЕНБЕК**
Бас редактор – **Молот СОЛТАНАЕВ**
Бас редактордың орынбасары – **Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ**
Дизайнер – **Әділет МҰСАХАЕВ**

Газеттің эл.почтасы:
jar-aina@mail.ru

➢Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
➢Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
➢Газет индексі - 65161
Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
➢Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
➢Газет Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентіндегі «Принт плюс» баспаханасында басылды. Офсеттік басылым.
➢Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:
Алматы облысы, Жаркент қаласы, Е.Сыпатаев көшесі, 242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48; 8/705/277-16-91; 8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.
Тапсырыс: №3985